РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

SAQSHY

№43
(4593)

www.polisia.kz

Газет 1933 жылдан бастап шығады

Сәрсенбі, 10.06.2020

Қасым-Жомарт Тоқаев құқық қорғау органдары басшыларымен кеңес өткізді

Қазақстан Президенті өткізген жиынға Бас прокуратураның, Ішкі істер министрлігінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің және Қауіпсіздік кеңесі аппаратының басшылары қатысты.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа құқық қорғау ведомстволарының жұмысы, заңнамалардың сақталуын қадағалау туралы есеп берілді.

Мемлекет басшысы заңдылықты күшейту, елімізде тұрақтылық пен құқықтық тәртіпті сақтау бағытында құқық қорғау органдарының жауапкершілігі жоғары екенін айтты. Қасым-Жомарт Тоқаев азаматтардың құқығы мен мүддесін қорғап, созылып бара жатқан коронавирус пандемиясы кезінде олардың денсаулығын сақтау үшін жағдай жасаудағы күштік құрылымдардың рөліне тоқталды.

Сонымен қатар жүргізіліп жатқан саяси реформалар барысында заңнама нормаларының реформалануы жөнінде жұртшылыққа егжей-тегжейлі түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру қажеттігіне ерекше назар аударылды.

Akorda.kz

Полиция – қоғамның айнасы

9 маусым күні ҚР Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев халыққа есеп беру кездесуін өткізді. Орталық коммуникациялар қызметінде онлайн өткен баспасөз жиынында министр ішкі істер саласының қызметіне тоқталып, осы уақыт ішінде атқарылған жұмыстарға жеке-жеке тоқталып өтті. Министр саланың жетістіктерімен қатар, әлі де орындалуы тиіс міндеттерді санамалап өтті.

Гүлсім БЕГІМОВА,
Нұр-Сұлтан

Әлемді алаңдатқан коронавирус індетінің еліміз аумағында да етек жаюы аталған сала қызметкерлерінің иығына көп міндеттер мен жауапкершілік артқаны белгілі. Ол осы сала қызметкерлерінің індетке дейінгі қызмет ырғағына елеулі өзгеріс әкелген. Тіпті биылғы есеп беру де онлайн форматында өтіп жатқанын министр атап өтті. Бір сөзбен айтқанда, ішкі істер органдарының жыл айналып келіп отыратын есептік кезең ішіндегі сырт көзге көрінбеген, бірақ халықтың күнделікті қауіпсіз тыныс-тіршілігінен аңғаруға болатын жұмысы туралы министрдің өз сөзімен баяндалық.

«Ең бастысы, полиция ашық, әрі қолжетімді болуы керек. Бүгінгі кездесу – соның бір дәлелі. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың нақты тапсырмасы бар. Әрбір мемлекеттік орган ашық болуы керек. Ал олардың бағасын халық береді.

Елдегі криминалдық жағдай туралы баяндамас бұрын полицияның ашық болуы үшін жасалған жұмыстар мен оның нәтижелері туралы айтайын.

Халықтың сенімі – полиция жұмысының негізгі бағасы.

Сол үшін Ішкі істер министрлігі ақпараттық технологияларды енгізуде.

Қағаз анықтамаларды жойып, барлық мемлекеттік қызметтерді электронды жүйеге көшіру жұмысы жүріп жатыр (2019 жылы жалпы 24 млн 483 мың қызмет көрсетілді).

Бұл, біріншіден, сыбайлас жемқорлықты жояды.

Екіншіден, қарапайым азаматтар уақытын үнемдейді.

Үшіншіден, «Электрондық Үкімет» порталы арқылы үйде отырып мәселесін шешеді.

Нәтижесінде мекен-жай анықтамаларын беруді тоқтаттық. Бұрын осы анықтаманы алу үшін жылына 10 млн адам кезекте тұратын.

- Осы жылдың 1-ші қаңтарынан бастап елімізге уақытша келген шетелдіктер тіркеуден өтпейді. Шақыру бергендер көші-қон қызметіне өздері хабарласуы тиіс.

- ішкі істер министрлігі көрсететін қызметтердің 83% электронды форматқа ауысты. Жыл соңына дейін көші-қон саласы бойынша тағы бірнеше қызмет түрі онлайн жүйеге көшеді. Нәтижесінде 200 қызметкерді басқа жұмыстарға жібереміз.

- Қызметкерлер мен азаматтардың арасында тікелей байланыс болмауы үшін автоқондағы тіркеу-емтихан бөлімдерін жауып, Халыққа қызмет көрсету орталықтарына бердік.

Жүргізуші куәлігі, нөмір беру, көлікті тіркеу, сынақ тапсыру – барлығы сол орталықтарда жүзеге асады. Бұл сыбайлас жемқорлықты болдырмайды.

Автоматтандыру жүйесін 91% жеткізуді жоспарлап отырмыз.

Ішкі істер министрлігі – еліміздегі ең ірі құқық қорғау органы.

Функционалдық міндеттері көп.

Біздің қатарымызда Қылмыстық атқару жүйесі, Төтенше жағдай және Ұлттық ұлан құрылымдары бар.

Төтенше жағдай мен карантин кезінде адамдардың өмірі мен денсаулығын қорғау үшін полиция қызметкерлері, дәрігерлермен бірге алдыңғы шепте жүрді.

Ішкі істер министрлігі елдегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бар күшін салды.

Мұндай жағдай Қазақстан тарихында бірінші рет болып отыр.

Төтенше жағдай кезінде 400 тосқауыл бекеті, 200 санитарлық бекет жұмыс істеді. Аса маңызды мемлекеттік және стратегиялық нысандарға күзет қойылды. Ауруды таратпау үшін тұрғын үйлер қоршауға алынды. Тоғыз мыңнан астам адам іздестіріліп, табылды.

(Жалғасы 3-бетте)

2-бет

Үкімет басшысы алдағы міндеттерді атады

Премьер-министр Асқар Мамин Үкіметтің басты міндеті – қысқа мерзім ішінде экономикалық дағдарысқа дейінгі даму қарқынын қалпына келтіру екенін мәлімдеді.

4-бет

Игілікті іс жалғасын тапса...

ІІМ қызметінің басым бағыттарының бірі – жасөспірімдер қылмысының алдын алу болып табылады.

5-бет

Қатаң жаза — қасиетті қазынаның қорғаны

Қазақ жері – небір бағалы жануарлар мен өсімдіктерге бай өлке. Соның ішінде жиі-жиі қырғынға ұшыраса да, Қазақстан жерінде құрып кетпей келе жатқан киелі жануар – киік. Киік еті мен терісі, мүйізі үшін ауланады. Етінің дәмділігін айтпағанда, мүйізінен әр түрлі бағалы дәрі-дәрмек жасалатындықтан, қытайлар оны тәп-тәуір ақшаға сатып алады. Ақшаға құныққандар соңғы жылдары киікті мүйізі үшін қынадай қырды десе де болады.

7-бет

«Ұлым Отанның оттан да ыстық екенін көрсетті»

Ішкі тұрақтылық болмаған жерде дербес мемлекет атандырған азаттықтың да, қол жеткізген жетістіктеріміздің де, ұлттық құндылықтарымыз бен алға қойған жоспарларымыздың да болашағы бұлыңғыр.

РЕСЕЙ

КҮЙЕУ ЖІГІТТЕРГЕ – 50 МЫҢ РУБЛЬДЕН

Шешенстан Республикасының басшысы Рамзан Қадыров қалыңдығының қалың малын өтеуге ақшасы жоқ, карантиннің салдарынан табысынан айырылған 207 күйеу жігітке ақша бөлді. Бұл туралы РИА Новости хабарлады.

Бұл қаражат Ахмет қажы Қадыров қорынан бөлінетін көрінеді.

Әрбір күйеу жігіттің отбасы 50 мың рубль (шамамен 290 мың теңге) иеленеді екен. Бұл ақша мұсылмандық шарттары бойынша қалың малды өтеуге жұмсалуы қажет.

Бұған қоса карантин кезінде қыз ұзатуға жігіт тарапынан тек екі көлік бара алатыны айтылыпты.

Атап кетерлік жайт, Шешенстанда коронавирус пандемиясына байланысты сәуір айынан бастап мұсылмандық салт-дәстүр бойынша неке қиюға тыйым салынған. 25 мамырда бұл шектеу алынған, десек те тойды дүркіретіп өткізуге әлі де болса рұқсат берілмеген.

Baq.kz

ӨЗБЕКСТАН

ШЕТЕЛДІКТЕРДІ ҚАШАН ҚАБЫЛДАЙДЫ?

Өзбекстан шетелдік туристерді қабылдауға қамданып жатыр.

Көрші мемлекет демалушыларды субсидиялармен қызықтырмақ.

Атап айтқанда, жергілікті билік олардың көлік пен қонақүйге жұмсалған шығындарын өтемекші. Бүгінде бұл елдің туризм саласы пандемияның салдарынан тұралап, 400 млн доллар жоғалтқан.

Өзбекстанда наурыздың 16-нан бастап шетелдіктер үшін шекара жабық тұр. Салдарынан 1,5 мың туроператор мен 1200-дей қонақ үй жұмысын тоқтатты. Осылайша 250 мың адам табыссыз қалған еді. Қазір жергілікті билік шығынды есептеп жатыр. Бір анығы, туристік сектор миллиондаған доллардан қағылды. Мәселен, былтыр мамыр айында көрші мемлекетке 500 мың адам саяхаттап келсе, биылғы көрсеткіш көңіл көншітпейді. – Пандемияның салдарынан туристердің ағыны азайды. Былтыр біз

1 млрд 3 млн доллар көлемінде туристік қызметтер көрсеткен едік. Енді туристік сектор 300-400 млн доллар жоғалтады деген болжам бар. Карантин талаптарын жеңілдеткенімен, туристік сектордың бірден ес жия қоюы екіталай. Дегенмен осы жұма кәсіпкерлер үшін берекелі апта болды. Мемлекет бұл саланы өрге сүйреуі тиіс қолдау көрсету керек деп шешті. Сөйтті де, бизнеске субсидиялар бөліп, несиелік жеңілдіктер жасап, салықтық каникулдар жариялады. Мысалы, туроператорлар мен қонақ үй иелеріне қызметкерлердің еңбекақысын төлеу үшін пайызсыз қарыз беріледі. Мұндай көмек кәсіптің басы-қасында жүргендердің еңсесін тіктеп, аяққа нық тұруға сеп болады деп сеніп отыр биліктегілер. Бір апта бұрын Өзбекстанда туристік маусым ашылғанын да тілге тиек ету керек. Әзірге ішкі туризм жанданып жатыр. Ал жергілікті тұрғындар шипажайлар мен демалыс аймақтарына баруға алақандарын ысқылап дайын отыр, – деді туризмді дамыту жөніндегі мемлекеттік комитет департаментінің басшысы Шухрат Исакулов.

Хабар24

Үкімет басшысы алдағы міндеттерді атады

Премьер-министр Асқар Мамин Үкіметтің басты міндеті – қысқа мерзім ішінде экономикалық дағдарысқа дейінгі даму қарқынын қалпына келтіру екенін мәлімдеді.

–Елімізде төтенше жағдайдың аяқталғанына бір айға жуық уақыт өтті. Карантиндік режим кезең-кезеңімен жеңілдетілуде. Қазіргі таңда экономикалық жағдай тұрақталып келеді. Нақты сектор өсімнің сенімді серпінін көрсетіп отыр. Тау-кен өнеркәсібінде - 5,2 пайыз, өңдеуші салада - 4,9 пайыз, оның ішінде машина жасауда - 18,5 пайыз, фармацевтикада - 21,2 пайыз, жеңіл өнеркәсіпте - 10,8 пайыз, құрылыс материалы өндірісінде - 2,3 пайыз өсім байқалды. Құрылыс көлемі 5,9 пайызға өсіп, инвестициялардың өсу қарқынын былтырғы деңгейде ұстап қалдық. Сауда балансының оң сальдосы қамтамасыз етілді, – деді Асқар Мамин Үкімет отырысында. Премьер-министр сонымен қатар қызмет көрсету саласында іскерлік белсенділік қарқынды түрде қалпына келіп жатқанын айтып өтті.

–Сауда саласында мамырда сәуірмен салыстырғанда 28,3 пайыз, көлік саласында 20,7 пайыз, халыққа қызмет көрсетуде 28,8 пайызға айтарлықтай өсімді байқауға болады. Біздің міндетіміз – қысқа мерзімде экономикалық дағдарысқа дейінгі даму қарқынын қалпына келтіру. Бұған экономиканы қолдау мақсатында қабылданған шұғыл шаралар және биыл жыл соңына дейін экономиканы қалпына келтіру жөніндегі кешенді жоспарды іске асыру ықпал етуі керек, - деді Асқар Мамин.

Inform.kz

Іле Алатауы ұлттық паркіндегі жерлер сатылмайды

Іле Алатауы ұлттық паркіндегі жерлер сатылмайды және өзге елдің азаматтары мен шетелдік компанияларға пайдалануға берілмейді. Бұл туралы ҚР экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі Ерлан Нысанбаев Facebook-тегі парақшасында мәлім етті.

Вице-министр Іле Алатауы ұлттық паркінде инфрақұрылымды дамытуға қазақстандық инвестор жауапты екенін, ондағы жер сатылмайтынын атап өтті. «Алматы жұртшылығы Іле Алатауы ұлттық паркінде эко-туризмді дамытуға қатысты мәселе көтерген еді. Атап өтсем, 2019-2025 жылдарға арналған туристік саланы дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде шетелдік, оның ішінде АҚШ-тың табысты тәжірибесі негізінде ұлттық паркті дамытудың бас жоспары жасалды. Осыған орай, өз мойнына ұлттық парктің инфрақұрылымын қоршаған ортаға зиян келтірмей дамыту міндетін алған жауапты қазақстандық инвестор анықталды. Бірден назар салатын жәйт, Ұлттық парктегі жерлер сатылмайды! Өзге елдің азаматтары мен шетелдік компанияларға пайдалануға берілмейді!

Оған Қазақстан Республикасының заңы бойынша тыйым салынған!» - деп жазды ол.

Алайда Ерлан Нысанбаев қазақстандық инвесторға 35 га жер жалға берілгенін жасырмады: «Ұлттық парктердің қазіргі жағдайын өздеріңіз көріп отырсыздар: кәуапхана, абажадай мейрамханалар, сапасыз қызмет, сүреңсіз көріністер. Жағдайды түбірімен өзгертпей болмайды. Бірінші орында адам мен табиғаттың байланысы тұруы тиіс. Тиісінше, жолдарды, көру алаңдарын, өзен үстіндегі көпірлерді, табиғи үндестікті бұзбайтын шағын нысандарды салу керек. Осының бәрін жолға қоятын қазақстандық инвесторға жалға небәрі 35 га жер учаскесі пайдалануға берілді».

Вице-министр келтірген мәліметке сүйенсек, инвестормен кезең-кезеңмен 10 заманауи визит-орталық, 155 шақырымнан астам жаяу маршруттар салады. Бұл жоба жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді, кәсіпкерліктің дамуын және туризм саласындағы жоғары білікті кадрлардың өсуін қамтамасыз етеді. Одан бөлек Ерлан Нысанбаев инвестор барлық жұмысты қоршаған ортаға зиян келтірмей іске асыратынын, ал тұрғызылатын құрылымдар заманауи экологиялық материалдардан әзірленетінін атап өтті. Сөз соңында басшы ұлттық парк халыққа әркез қолжетімді болатынын, тіпті Ұлттық парк жанында Қоғамдық кеңес құрылатынын атап өтті.

«Айта кетерлігі, ұлттық парк бұрынғыдай кез келген қазақстандық үшін қолжетімді болып қала береді. Ешқандай қоршаулар болмайды. Осы апта бойы Алматы жұртшылығымен, белсенділермен, журналистермен кездестік. Халықтың барлық талап-тілегі ескеріледі. Нәтижесінде Ұлттық парк жанында Қоғамдық кеңес құратын болып шештік. Инвестордың барлық жұмыстарды сапалы түрде орындауын біз халықпен бірге қадағалайтын боламыз. Табиғатқа ешқандай залал келмейді. Ол қатаң түрде қадағаланады», – деп түйді сөзін ол.

Nege.kz

Жүн мен жіпті бояудың тәсілі мен тәлімі

Малдың жүнін жуып-шайып тазартып, кептірген соң қажетіне қарай сан түрлі бояумен әбден қанықтыра бояп, көздің жауын алатын әсем дүниелерді – қолөнер бұйымдарын жасап шығаруда аналарымыз алдына жан салмаған. Сөйтіп, мұны қазақтың ұлттық қолөнерінің ажырамас бір бөлігі ретінде қалыптастырып, дамыта алды.

Қызыл-жасыл талдырмадан текемет түрін ойып, бірнеше түсті жіптерді қазық айналдыра жүгіртіп, бау-басқұр құрып, алуан түлі жүндерден ою салып, ши тоқы-ған олардың шеберлігін бүгінгі ұрпақ тек музейлерден қызықтап жүргені жасырын емес. Ал олардың жасалу технологиясы – үлкен ғылым, көзбен көріп, қолмен жасамаса, меңгеруі қиын, жұмбақ бір әлем.

Сондықтан кешегі шебер аналардың көзін көріп, тағылымын алған, «Істегенің – маған, үйренгенің – өзіңе жақсы» деп үлкендердің жұмсағанын қалт жібермей тыңдап өскен шеберлер Ә.Сағынаева мен Г.Балғабаева бүгінде өз көрген-білгендерін қызығушылық танытып, ынта білдіргендерге үйретумен келеді. Жуырда Маңғыстау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының қолдауымен, «Алтын оймақ» қолөнерді қолдау қоғамдық қорының ұйымдастыруымен ұмытылып бара жатқан қазақ дәстүрлі қолөнерін жаңғырту және тұрғындарды кәсіпкерлікке баулу мақсатында «Жүнді және жіпті табиғи және химиялық жолмен бояу тәсілдері» атты тренинг өтті.

Ақшұқыр ауылында өткен тренингке қызығушылық танытқандар көп болғанымен, төтенше жағдай тәртібіне сай небәрі 15 адам ғана қатысу мүмкіндігіне ие болды.

Қатысушыларға тәжірибелі қос тренер бояу түрлері, оны таңдау, жүн мен жіпті бояу тәсілдері, табиғи бояудың ерекшеліктері туралы, өзге де бояуға қатысты білгендерін айтты. Мысалы, текемет басуда текеметтің таңдалған түсі мен оған жарасымды бояу түрлері, сондай-ақ ақ басқұр мен қызыл басқұр тоқудағы қолданылатын жіп түстері туралы айтылып, жүн мен жіпті бояу тәжірибе түрінде көрсетілді.

Тренингке қатысушылар үйретушілерге ризашылықтарын білдіріп, сабақтың қызықты өткеніне қуанды. Кеше ауыл-аймақта жүн бояп, бау тоқып, сырғалақ айналдыру, өзге де қолөнер түрлерімен айналыспайтын қыз-келіншекке тосырқай қарайтын елдің бүгінгі ұрпағы бұл өнерлерді тек ел ішіндегі бірен-саран жасы үлкендерден естіп-біліп, іс-тәжірибесін көрсе, таңғалатын дәрежедеміз. Заман ағымы, уақыт талабының иірімі әсер етпей қоймайтын да болар, дегенмен төл өнерді өгейсітпеген жақсы. Осы орайда баба дәстүрді дәріптеп жүрген Ә.Сағынаева мен Г.Балғабаеваға жұртшылық тарапынан бек ризашылық бар.

Egemen.kz

700-ден астам акция өткізді

Қайырымдылық іс-шараларға 2 000 волонтер жұмылдырылды.

Қарағанды облысының еріктілері карантин кезеңінде көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға, жалғызбасты қарт адамдарға, мүгедектерге және басқа да аса мұқтаж жандарға көмек көрсету бойынша 778 акция өткізді. Мұны Қарағанды облысы әкімдігінің баспасөз қызметі мәлім етті.

15 наурыздан 6 мамырға дейін 14 663 отбасы немесе 65 700 адам көмек алды. Қайырымдылық іс-шараларға 2 000 волонтер жұмылдырылды. Өңірде барлығы 106,8 тоннадан астам азық-түлік пен санитарлық-гигиеналық құралдар мен 44 521 медициналық бетперде таратылды. Қайырымдылық акцияларына облыстың шаруа қожалықтары мен кәсіпкерлері қатысты. Сондай-ақ Қарағанды облысының Қазақстан халқы Ассамблеясы, Қарағанды автоәуесқойлар клубы және жанашыр тұрғындар көмекке келді. Осы жылдың наурыз айында «Сарыарқа жастары» волонтерлық штабы құрылған болатын. Штаб ашылған сәттен бастап еріктілер 3 653 адамға қол ұшын созды.

Inbusiness.kz

Полиция – қоғамның айнасы

(Басы 1-бетте)

Осының барлығына Ұлттық Ұлан, мен ішкі істер органдарынан 50 мыңнан астам қызметкер жұмылдырылды.

Өз уақытымен санаспай, отбасынан алыс болса да, күндіз-түні қызмет жасап, Отан алдындағы борышын, ел алдындағы міндетін адал атқарған қызметкерлерге және біздің жұмысымызға түсіністік танытқан тұрғындарға рахмет айтамын.

Көп үлес қосқан еріктілерге де алғыс білдіргім келеді.

Төтенше жағдайдан бөлек біздің қызметкерлер түрлі қылмыстармен күреседі.

Адам өлтіру, ұрып-соғу, зорлық-зомбылық, ұрлық, тонау, тағы басқа қылмыстарды ашу үшін полицейлер күндіз-түні қызмет етуде.

Ішкі істер органдары – елдегі қоғамдық тәртіптің тірегі және азаматтардың қауіпсіздігінің кепілі.

Технология дамыған сайын алаяқтық пен ұрлықтың түрлері де көбеюде.

Адамдарды алдап, олардың бағалы заттарын, малдарын ұрлап, үйлерін тонау үшін қарақшылар түрлі амалдар ойлап табуда.

Технологиялық ақпараттық қылмыстармен күресу үшін полиция қызметкерлері IT-мамандарын тартып, ұрлық пен алаяқтықты болдырмауға күш салып жатыр.

Біріншіден, үш жылға арналған арнайы бағдарлама қабылдадық.

Екіншіден, ұрлық үшін қылмыстық жауапкершілік күшейді.

Үшіншіден, мал ұрлығы бойынша заңға арнайы бап енгізілді.

Қоғамдық қауіпсіздікті сақтау, адамдардың тыныш жүріп-тұруы – біздің басты міндетіміз.

Ол үшін халықпен тікелей байланысқа түсетін полиция бөліністерінің жұмысын өзгерттік.

Жол-патрульдік полиция патрульдік қызметке ауысты.

Профилактиканы күшейту үшін қызметкерлер мектеп, көше, қоғамдық орындарға жіберілді.

Шетелден келген қонақтар үшін алты облыста туристік полиция құрылды.

Халықтың арыз-тілегін уақытында қабылдау үшін сервистік модельге ауыстық.

Айына бір рет «Жолдағы қабылдау» акциясын өткіземіз.

Бұдан бөлек еліміз бойынша фронт-офистер ашылды.

Ішкі істер органдарының алдында тұрған тағы бір маңызды міндет – Жол қауіпсіздігі.

Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың нақты тапсырмасы бар.

Жол-көлік оқиғасын, оның ішінде өлім санын қысқарту.

Бұл тапсырманың орындалу барысы күнделікті бақылауда.

Қарапайым азаматтардың тыныш ұйықтап, қауіпсіз өмір сүруі – біздің басты міндетіміз.

Әрине, полицейлердің жұмысында да кемшіліктер бар.

Оларды түзеу үшін біз бар күш-жігерімізді жұмсаймыз.

Тәртіп бұзған, қылмысқа жол берген қызметкерлердің ішкі істер органдарында жұмыс істеуге құқығы жоқ.

Біз ондай полицейлерден тазарып, тек Отан алдында адал қызмет ететіндерді қолдаймыз.

Полиция – қоғам айнасы!

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев айтқандай, ашық, халықтың сенімді серігі болуға, бар күшімізді саламыз».

Сансыз сұраққа – салмақты жауап

Мұнан соң Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев азаматтарды толғандырып жүрген сұрақтарға жауап берді. Еліміздің әр аумағынан келіп түскен сауалдар сан салалы болып келді.

Әр сұрақтың артында адам тағдыры тұрғанын ұғынатын сала басшысы ешбір сұрақты жауапсыз қалдырмай, барынша кеңірек жауап беруге тырысты. Мәселен, өзін Беларусь Республикасының азаматымын деп таныстырған Сергей Парфенов індетке байланысты Нұр-Сұлтан қаласында қалып қойғанын айтты. Сөзіміз жалаң болмасын деген оймен біз есептік кездесуде қойылған сұрақтардың бір парасын мысал ете кетуді жөн көріп отырмыз.

– Мен Беларусь Республикасының азаматы болып табыламын. Коронавирусқа байланысты төтенше жағдай кезінде наурыз айында Нұр-Сұлтан қаласынан ұшып кете алмай қалдым. Менің тіркелу мерзімім 19 наурызға дейін болатын. Осы үшін маған айыппұл салынып, рейстен қалдырмай ма? Мен не істеуім керек? – деп сұрады.

Министр бұған қатысты:

–Шынымен де елімізде төтенше жағдайға байланысты барлық көлік мекемелерінің, мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың жұмысы толықтай тоқтатылған болатын. Виза мерзімін ұзартып, тіркеуді жүргізетін халыққа қызмет көрсету органдары да, өкінішке қарай, жабық болды. Сондықтан мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен біз төтенше жағдай жарияланған кезең ішінде мерзімі өткен құжаттардың әрекет ету мерзімін 60 күнге ұзартты. Яғни, 10 шілдеге дейін азаматтар әкімшілік жауапкершілікке тартылмайды және Қазақстан Республикасы аумағында өзінің мекен-жайын өзгертіп, сондай-ақ өзге елге ұшып кете алады. Дегенмен де мен көші-қон қызметіне жүгінуге кеңес беремін. Олармен онлайн режімде де, электрондық байланыс арқылы да байланысып, кеңес алуға мүмкіндік бар, – деп жауап берді.

Сол секілді Оралдан сауал жолдаған Элмира Сүйіншалиева атты кәсіпкер 250 млн теңгесін иемденіп, өзін тақырға отырғызған алаяқты жазаға тартуды өтінді.

Ерлан Тұрғымбаев бейнеселекторға қатысып отырған Батыс Қазақстан облысы полиция департаменті бастығына кәсіпкердің мәселесін жеке бақылауына алуды тапсырды.

Келесі сұрақ Алматы қаласынан Юлия есімді азаматтан келіп түсті.

– Мен «Жұлдыз» шағын ауданында тұрамын. Осыдан бірнеше жыл бұрын бұл жерге аллея салынған болатын. Қазір жергілікті тұрғындар осы аллеяда бейуақытта айқайлап-шулап, мазаны алатын болып жүр. Сізден Алматының полицейлеріне жағдайды реттеуді тапсыруды өтінемін, – деді ол.

Министр:

– Бүгінде Алматының аумағы үлкейіп келеді. «Жұлдыз» жаңа шағын аудандардың бірі болып табылады. Мұнда саябақтар, скверлер, аллеялар қатары көбейіп, абаттандырылып жатыр. Ал азаматтардың, балалардың, демалыс орындарының қауіпсіздігі – ең басты міндетіміз. Мен Алматы қаласы полиция департаменті басшылығына аталған мәселені назарға алып, ол жақтағы патрульдік полиция нарядтарының санын көбейтіп, аталған саябақтарда тәртіпті жолға қою үшін бейнебақылау орнату жөнінде тапсырма беретін боламын, – деді.

Ал Қостанай қаласынан Нұрболат есімді азамат келесідей сұрақ жолдапты.

«Жасым 31-де. Қостанайдағы ҚР ІІМ академиясын тәмамдағанмын. 2013 жылы отбасымдағы жағдайға байланысты ІІБ қызметінен кеткен болатынмын. Менің қызметке қайта тұруыма бола ма?» делінген.

– Бұл – өте күрделі мәселе. Сізге жұмыстан шыққан жеріңіздегі мекеменің кадр бөліміне жолығу қажет болады. Егер 2013 жылы жұмыстан шыққан болсаңыз, ішкі істер органында қызмет етпеген жеті жыл аралығында қайда жұмыс істедіңіз, мамандығыңыз бойынша жұмыс істедіңіз бе, денсаулығыңызды, барлық жәйттерді тексеру қажет болады. Егер осынау критерийлерден өтсеңіз, онда ішкі істер органына қайта орала аласыз, – деп жауап берді министр.

Аталған сұрақ тек қостанайлық Нұрболатты ғана толғандырмауы мүмкін. Сол себепті осы тұста, егер ішкі істер органдарындағы қызметінен белгілі бір себеппен кетіп қалып, кейін қайта оралуды ұйғарған азаматтар үшін қойылатын талаптардың белгілі бір механизмінің баржоғы туралы да айтылып өтті.

– Бәріне ортақ бір механизм бар. Қызметкер органнан жұмыстан кетіп, кейін қайтып келген кезде міндетті түрде мұрағатта сақталатын жеке бас құжаттарын қайта қарайтын боламыз. Егер ол жағымсыз себептерге байланысты органдағы қызметінен шығарылған болса, онда қайта орала алмайды. Ал өтінішінде отбасына байланысты басқа қалаға көшетіндігі, отбасындағы материалдық жағдайға орай жұмыстан шығатыны жазылған болса және ол өзін қызмет еткен уақыт ішінде жақсы қызметкер ретінде көрсетсе, онда қайта оралуға еш кедергі болмайды деп ойлаймын. Біз ең алдымен, оның денсаулық жағдайына баса мән беретін боламыз, – деп түсіндірді сала басшысы.

Ақмола облысынан Рүстем есімді азаматтың сұрағы учаскелік полицейлерге қатысты біраз жайттан хабардар етуге түрткі болған. Министр ІІМ тарапынан учаскелік полицейлерге үлкен қолдау болатынын атап өтті.

Учаскелік полицей болып еңбек ететін ұлын үйде жиі көрмейтінін айтқан әке ««Учаскелік полицей жылы» аясында учаскелік инспекторларға нендей жағдайлар қарастырылуда?» деп сұраған болатын.

– Учаскелік полицейлер – халықпен тығыз жұмыс істейтін қызметкерлер. Біз қазір ең алдымен, учаскелік полицейлерді материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етуді қолға алып отырмыз. Сондай-ақ олардың еңбекақысын көтеру де көзделген. Биылдың өзінде де учаскелік полицейлердің жалақысы 65 пайызға көтерілді. Сонымен қатар оларға баспанаға өтемақы төленді, яғни пәтер жалдап тұратындарға мемлекет есебінен өтемақы беріледі. Сонымен бірге оларды көлікпен қамту да – күн тәртібінде. Өйткені ауылдық жерлердегі инспекторлар көп жағдайда арақашықтығы 100 шақырымға дейін жететін 5-6 ауылға қызмет етеді. Бір ауылдан екінші ауылға қатынау қиындық тудыратыны анық. Биыл ең алдымен, тірек пунктімен, байланыс құралдарымен, автокөлікпен қамтуды қолға алғалы отырмыз. Бұл жедел әрекет етуге, азаматтарға дер кезінде көмек көрсетуге мүмкіндікті арттырады. Біз бірінші кезекте шалғайдағы ауылдарды қамтамасыз етуге тырысамыз. Өйткені қалалық жерлерде оперативтік топ, патрульдік полиция құрылымдары да қатар қызмет етеді. Сондықтан қандай да бір жәйт орын алып жатса, бәрі көмекке келіп жетеді. Ал ауылдық жерлерде мәселе күрделірек. Себебі аудан орталығы 300 шақырымда орналасқан болуы мүмкін. Сол себепті көмек көрсетуге, қылмыстың бетін ашу үшін учаскелік полицей оқиға орнына бірінші болып жетуі тиіс. Осы тұрғыдан алғанда ең алдымен ауылдық, аудандық, облыстық мекендерді қамтитын боламыз, – деп жауап берді Ерлан Тұрғымбаев.

Өскелең ұрпақтың тәрбиесіне алаңдаған астаналық тұрғын есірткі саудасымен күрестің қалай жүргізіліп жатқанын білгісі келген. Ол былтыр қала көшелерінен есірткі саудасының жарнамасынан көз сүрінердей болғанын, министрліктің есірткінің таратылуына қарсы қандай жұмыс жүргізіп жатқанын сұрады.

Бұған қатысты министр:

– Синтетикалық есірткіге қатысты баяндамамда да айтып өттім, қазіргі таңда елімізде синтетикалық есірткінің таралу көрсеткіші төмендеп, контрабанда азайды. Сонда да бүгінде жастар синтетикалық есірткіге құмар болып отыр. Біріншіден, ол арзан, екіншіден, қолжетімді болды. Өткен жылдан бері есірткі саудалау, оның ішінде интернет арқылы саудалағаны үшін қылмыстық жауапкершілік күшейтілді. Бүгінгі таңда Ресей Федерациясындағы әріптестерімізбен тығыз байланыс орнатқанбыз. Себебі синтетикалық ескіртінің көп көлемі сол жақтан жеткізіліп тұрған. Соңғы айларда синтетикалық есірткі жасайтын үш жасырын цех әшкереленіп, онымен айналысқан тұлғалар жауапқа тартылды, – деді.

Жыл басында оңай олжаға кенелгісі келген алаяқтар ел аумағында ломбард атын жамыла отырып, қаржылық пирамида құрып, сол арқылы көптеген азаматтың қаржысы мен бағалы мүлкін иемденіп кеткен болатын. Қыруар қаржысынан айырылған азаматтардың көңілі әлі де алаңдаулы. Министрмен кездесу барысында алаяқтардан зардап шеккендер де сұрақ жолдады. Министр ол іс бойынша күдіктілерге тергеу жүріп жатқаны туралы айтып берді.

Сондай-ақ COVID-19 індетіне байланысты жазасын өтеп жатқандармен кездесуге мүмкіндік болмай қалғанын айтқан Нұр-Сұлтан қаласының тұрғыны, бас бостандығынан айыру мекемелеріндегі мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жайлы сұраған Ақмола облысынан Нұрлан есімді азамат өз сауалдарына егжей-тегжейлі жауап ала алды. Жалпы сұрақ та көп, оған берер жауапты қысқа қайыру министр үшін қиын болғаны анық. Себебі, атқарылған жұмыс ұшан-теңіз. Ол жайлы ойды Петропавл қаласынан Ринат есімді тұрғынның қала маңындағы Заречное кентін жылда көктемде су басып кететіні, осы мәселені қалай шешуге болатыны жайлы сұрағы қозғап жіберді...

...Тышқан жылының қысы, әсіресе еліміздің солтүстігі мен орталығы, шығысы үшін арпалысқа толы болғаны бәрінің есінде. Ақтүтек боран, тау-тау қар, жолда қалған жолаушы мен көлік – ішкі істер саласының мамандарын тік тұрғызғанын білеміз. Олар ұйықтамады, уақытында ыстық ас ішпеді, қойын-қоныштары қарға толып, тоңды... бірақ адамдарды аман алып қалды.

– Биыл қыста қар қалың түсті, тіпті кей жерлерде оның қалыңдығы бес метрге жетті. Кейбір көлік түрлері Нұр-Сұлтан қаласына кіріп-шыға алмай қалды. Қаладан 50-60 шақырым қашықтыққа дейінгі жерде мыңдаған көлік қар құрсауында қалды. Жолда қалғандарды құтқару үшін тіпті, әскери техниканың көмегіне жүгінуге тура келді. Дегенмен барлық күш пен техникалық құралдарды жұмылдырудың арқасында табиғаттың дүлей мінезіне төтеп бере алдық. Жоғарыда мыңдаған адам, мыңдаған көлікті қар құрсауынан алып шыққанымызды тілге тиек етіп кеттік қой. Ең бастысы, бірде бір адамның үсікке шалынуына, қар астында қалып, қайтыс болуына жол бермедік. Төтенше жағдай, полиция, Ұлттық ұланның қандай жұмыс атқарғанын осыдан соң бағалай беруге болатын шығар, – деді министр.

Сол секілді күні кеше Өзбекстандағы су қоймасында апат болып, оңтүстіктегі Мақтаарал ауданында бес ауылды су басқан кезде еліміздің өзге өңірлеріндегі төтенше жағдай қызметкерлері сол жаққа аттанып, күндіз-түні апаттың зардаптарын жоюға қатысты. Олармен иық тіресе жүрген полицейлер, Ұлттық ұлан сарбаздары да етігімен су кешті. Олардың әлі де аймақта жұмыс атқарып жатқанын Ерлан Тұрғымбаев астын сызып, атап өтті.

Кезегі келгенде бұқаралық ақпарат құралдарын толғандырған сұрақтарға жауап берген ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев полицейлердің қоғаммен кері байланыс орнатуға барынша жұмыс істеп жатқанын тілге тиек етті.

Сондай-ақ төтенше жағдай кезінде қанша полицейдің тосқауыл бекетінде кезекшілік атқарғанын, сонымен қатар олардың арасында рұқсаты жоқ адамдарды тосқауыл бекеті арқылы өткізбек болған кезінде қаншасының ұсталғандығын да сұрады.

– Жалпы алғанда, барлық тосқауыл бекеттерінде полиция, төтенше жағдай қызметкерлері, Ұлттық ұлан сарбаздары, санитарлық дәрігерлерді қосқанда жеті мыңдай қызметкер кезекшілік етті. Әрбір облыста, әрбір ауданда тосқауыл бекеті болды. Олар көліктердің, сонымен бірге адамдардың емін-еркін жүрісін тежеуге тырысты. Дегенмен әлеуметтік желілерде кейбір бекеттерде полицейлер ақшаға адамдарды өткізді деген ақпарат тарап жатты. Иә, тосқауыл бекетіндегі пара берудің төрт фактісін анықтадық. Жемқорлыққа қарсы күрес қызметімен бірлесіп, рейдтік шара өткіздік. Әйтсе де, бұл жерде бір нәрсеге назар аударғым келеді: 14 полиция қызметкеріне пара ұсыну фактісі болған. Яғни, қызметкерлеріміз пара алудан бас тартып, бұл туралы басшыларына баяндаған. Демек парадан бас тарту фактісі үш есе артық болып отыр, – деп атап өтті Ерлан Тұрғымбаев.

Баспасөз өкілдері министрден, әсіресе карантин кезінде өршіп кеткен әлеуметік зорлық-зомбылыққа қатысты жұмыс жайлы, әлеуметтік желідегі белсенді болмауының себебін де сұрап білді.

Игілікті іс жалғасын тапса

ІІМ қызметінің басым бағыттарының бірі – жасөспірімдер қылмысының алдын алу болып табылады. Ювенальдық полиция «қиын» жасөспірімдер (6 мыңдай) және қолайсыз отбасылармен (11 мыңнан астам бала тұратын) тиісті жұмыстар жүргізеді. Мектеп инспекторларының жұмысы жергілікті полиция қызметіне қарайды. Алайда инспекторлар қылмыстық іспен емес, оның алдын алумен айналысады. Олардың еліміздегі бірлік саны – 2039.

Бауыржан СЕГІЗБАЕВ,
Нұр-Сұлтан

Жасөспірімдердің аяқ астынан қылмыскерге айналып кетпеуі үшін Ішкі істер министрлігі 2007 жылдан бастап орта білім беретін оқу ордаларының жанынан оқушылардың тәртібін қадағалайтын мектеп инспекторлары тобын құрды. Мектеп инспекторлары бүгінгі таңда қалалық немесе аудандық Ішкі істер басқармаларының әкімшілік полиция бөліміндегі ювеналды полиция бөлімшелеріне қарайды.

Бұрын мектепте құқық бұзушылық орын алса, ондағылар шағымдану үшін сол аумақтағы учаскелік полиция пунктіне барып жүретін. Енді әр мектепке арнайы инспекторлар тағайындалып, ондағылар әлдеқандай заң бұзушылық болса, мектеп инспекторына келіп арыздана алатын болды. Бұл мектептердің де, жергілікті учаскелік полицейлердің де жұмысын екі есе жеңілдетеді.

Инспектор мектепті аралап, рейд жүргізіп, балалармен әңгімелеседі. Сондай-ақ жоғары сынып оқушыларына лекция оқып, профилактикалық дәрістер өткізеді. Әрине, талап бойынша бір мектепке бір инспектор болуы керек, бірақ кадр тапшылығы бұған мүмкіндік бермей отыр. Ішкі істер министрлігінің ақпаратына сүйенсек, елімізде 2039 инспектор жұмыс істейді. Ал мыңға жуық мектепке инспектор жетіспейді екен.

Негізі мектеп инспекторлығына психология, спорт және заң саласының мамандары қабылданады. Жыл сайын заңгер мамандығына көп грант бөлінеді, бұдан бөлек қоғамда құқық саласына сұраныс та жоғары, сол себепті талапкерлер ақылы оқуға да бейіл. Бірақ мектеп инспекторларының жетіспеушілігі неліктен жойылмайды? Әлде мектепке инспектор болып жүруді қомсына ма? Немесе бұл саладағы қызметкерлерге жағдай жасалмады ма? Оның үстіне қазіргі заман балаларымен «алысу» анау айтқандай оңай шаруа емесі және бар. Еткен еңбек пен төккен тердің ақысы соған сай төлене ме?

Мәселе тек жалақының өсуі ғана емес, баспана мәселесінің шешілуі де кадр тапшылығын жоя алады. Былтыр шілде айынан бастап пәтердің ақшасы төлене бастағанда-ақ, мамандар инспекторлыққа көптеп ауыса бастаған. Яғни шым-шымдап қосылған қаржылық қолдаудан гөрі, үйдің жөні бір бөлек. Нағыз көмек, үлкен қолдау – сол. Әйтпесе, бала тәрбиесіне келгенде үйде – ата-ана, мектепте мұғалім бар ғой деп алаңсыз қалып танытқанымызбен, инспекторлардың еңбегі ерен екенін біреу білсе, біреу білмейді.

Жүгенсіз кеткен жасөспірімдердің қандай да қылмысқа тап болмауына барын салу – инспектордың игі жұмысы екенін ұғынсақ, оларға жұмсаған қандай шығынның да зая кетпесі анық. «Барымен базар» дегендей, мектептерге инспекторлар тапшы болып жатса да, олар өнімді еңбек атқаруда. Мәселен, жасөспірімдер арасындағы қылмыс айтарлықтай төмендеп келеді (2017 ж. – 3134, 2018 ж. – 2939, 2019 ж. – 2645). Десек те, еркінситін жөніміз жоқ. Арқаны кеңге салуға болмайды. Тәрбиені талбесіктен тоқтатпау керек.

Сонымен бірге балаларға қарсы жасалған қылмыстар алаңдаушылық туғызады. Жыл сайын шамамен осындай екі мың қылмыс орын алады (2017ж. – 2000, 2018ж. – 2102, 2019ж. – 2098). Бұл – азаптау, ұрып-соғу, бопсалау, қауіпті жағдайларға қалдыру. Соның үштен бірі – жыныстық зорлық-зомбылыққа қатысты қастандықтар. Өткен жылы Тараз қаласында көшедегі әжетханада кішкентай қыздың зорлануы үлкен шу болды. Бұл оқиға оқу орнындағы қауіпсіздікке қатысты көптеген мәселелердің бетін ашып берді. Қазіргі уақытта ІІМ-нің бастамасымен барлық білім беру ұйымдары бейнебақылау жүйесімен қамтылуда, һәм күзет қызметтерімен келісімшарттар жасалуда. Бұған қоса, жыл басынан бері жыныстық (сексуальды) сипаттағы зорлық-зомбылық, педофилия, балаларға қарсы жасалған қылмыстарға жаза қатаңдатылды (бас бостандығынан 20 жылға немесе өмір бойына айыру).

«Егемен Қазақстан» газетінде Жамбыл облысы Талас ауданы Аққұм ауылындағы Барбол Тоқтықожаұлы атындағы орта мектептің директоры Руслан Батаевтың 20 мектепке бір инспектор бөлінгенін бүкпесіз баяндағаны туралы ақпарат жарияланды.

Сондықтан да сансыз мәселелерді шешудің жолдары қарастырылуда. Жалақылары 25 пайызға көтерілді, пәтерақыларын төлейді. Бір үмітті бір үмітке жалғаған үлгілі үрдіс үзіліп қалмаса, мектептерге қажет мыңнан аса инспектор мәселесі келешекте күн тәртібінен түсіп те қалар.

Бір инспектордың он мектептің оқушыларына жалғыз өзі жауап беріп, орта есеппен 100 мың теңге жалақыға жұмыс істеуі қаншалықты әділ деп ойлайсыз?! Біз жастарға жағдай жасау дегенді қалай түсінеміз өзі?!. Ел еңсесі еңкіш тартпасын десек, оның негізгі тірегі – жастар үшін ештеңеден де аянбағанымыз абзал.

Елордалық №22 мектеп инспекторы Айсұлу Каримова:

– Жас мамандар бұл қызметке жиі келеді, бірақ тұрақтамайды. Көбіне-көп әйелдер осы жұмысты таңдайды, өйткені отбасын асырайтын ер азаматтар аз айлықты қанағат тұтпайды. Дегенмен қыз-келіншектер күйеуге тигенде және балалы болғанда, демалысы көбейеді. Осыдан келіп мамандар енді үйреніп келе жатқанда, жұмыстан алыстайды. Қол үзгеннен кейін нәтиже де нашарлайды. Жалақының төмендігі талапкерлердің осы қызметке келуіне кедергі келтіреді. Мәселен, мен жұмыс істейтін №22 мектеп-гимназияда төрт мыңға жуық бала бар. Жалғыз өзіме осынша оқушымен жұмыс істеу, жасөспірімдер арасында болатын қылмыстың алдын алу бойынша профилактикалық шаралар мен түрлі келеңсіздіктердің орын алмауын қадағалау міндеті жүктелген. Ал айлығым – 130 мың теңге. Шын мәнінде жұмыс үлкен жауапкершілікті талап етеді, – депті жоғарыда аты аталған газет тілшісіне берген сұхбатында.

Ювеналдық полиция «қиын» жасөспірімдер және қолайсыз отбасылармен тиісті жұмыстар жүргізеді дедік. Мысалы, рейд барысында тек көшедегі балаларды ғана бақыламай, сонымен бірге араққа салынған адамдардың да үйлеріне барып тексеру жұмыстарын өткізеді. Өйткені олардың балалары болуы мүмкін. Қылмысқа бейім жасөспірімдер, көбінесе әке-шешесі ішкілікке салынған отбасылардан шығып жатады.

Демек, ірісі бар, ұсағы бар, қандай да бір қылмыстың алдын алу, баланың бұрыс жолға түспеуі ата-ананың, мектеп пен құқық қорғау органдарының бірлескен іс-қимылына байланысты екенін ұмытпайық. Ал мектепке қажет мыңға жуық инспектор мәселесінің шешілеріне сенейік.

Бала еңбегін қорғау шарасы жүріп жатыр

Облыс аумағында «Бала еңбегін пайдалануға қарсы 12 күн күрес» республикалық ақпараттық науқаны басталды.

Анар КАМАЛИЕВА,
Ақмола облысы

Балалар еңбегін пайдалану заңдылығын тексеруге бағытталған рейдтерді Ақмола полицейлері жүргізуде. Тәртіп сақшылары кәмелетке толмағандардың көбінесе жазғы демалыс уақытында пайдаланылатынын және еңбекке 12 жастан 18 жасқа дейінгі балалар тартылатынын атап өтті. Жасөспірімдер сауда саласында, автокөлік жуу орындарында, жүк тасымалдау базаларында әр түрлі жұмыс істейді.

Рейд барысында ювеналды полиция қызметкерлері Көкшетау қаласының білім беру бөлімінің қызметкерлерімен бірлесіп, кәмелетке толмағандардың мүмкін болатын жұмыс орындарын тексереді, балалар еңбегін пайдаланудың алдын алу мақсатында халықпен әңгіме өткізеді.

Естеріңізге сала кетейік, ҚР Еңбек кодексіне сәйкес балалар тек 14 жастан бастап және ата-анасының келісімімен ғана жұмысқа орналаса алады. Міндетті түрде еңбек шарты жасалады. Балалар жеңіл жұмысқа ғана қабылдануы мүмкін. 14 жастан 16 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар үшін жұмыс аптасы 24 сағаттан, ал 16 жастан 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар үшін 36 сағаттан аспайды.

Еңбек заңнамасы нормаларын бұзғаны үшін жұмыс беруші әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Сондай-ақ 18 жасқа толмаған тұлғалар толық материалдық жауапкершілік ала алмайтындығын атап өткен жөн.

Кәмелетке толмағандар көбінесе отбасының ауыр материалдық жағдайына байланысты табыс табу ниетімен күмәнді еңбек жағдайларына келіседі.

Демалыс қауіпсіз болсын десек...

Жаз келіп, еліміздің мектеп оқушылары үшін алаңсыз каникул күндері басталды. Әлбетте, демалысқа шыққан балалар табиғат аясына шығып, демалады. Олар су айдындарын жағалап, өздеріне түрлі ойындар ойлап табады. Сол секілді, орман іші де – балалардың ермек қылатын орындары. Дегенмен су, от секілді дүлей күш ешкімді аямайтынын есте сақтаған жөн.

Арман ЗЕЙНОЛЛИН,
Қостанай облысы

Осыған байланысты «Қауіпсіз демалыс!» акциясы шеңберінде Қарабалық ауданы әкімдігіне қарасты ішкі саясат бөлімінің ТЖБ, № 11 өрт сөндіру бөлімінің қызметкерлері және «Жастар ресурстық орталығы «КММ еріктілері» су айдындарындағы қауіпсіздік ережелерін», сондай-ақ «Ормандағы өрт қауіпсіздігі ережелерін» сақтауға қатысты азаматтармен және олардың балаларымен нұсқаулық жүргізу мақсатында Тоғызақ өзенінің жағалауындағы демалыс орындарына бірлескен рейд жүргізді.

Рейд барысында ересектер мен балаларға тиісті тақырыптарға жадынамалар берілді, сондай-ақ судағы қауіпсіздік және ормандағы өрт қауіпсіздігі ережелері түсіндірілді. Кез келген ересек адам суда, орманда немесе тұрмыста болсын, жасайтын іс-әрекеттерінің айналаға қауіп төндірмеуін балаларының санасына ерте жастан сіңіруі қажет.

Мамандар жүргізген рейд қорытындысы бойынша 53 адамға нұсқау берілді, оның ішінде 106 дана жадынама таратылды.

Қарабалық ауданының ТЖБ өңір тұрғындарына жабдықталмаған су қоймаларында шомылуға жол берілмейтінін ескертеді!

Су объектілерінде және оларға жақын жерде кәмелетке толмаған балаларды ересектердің қарауынсыз қалдыруға болмайды! Өрт қаупі мол маусымда орман қоры аумағында от жағуға болмайды, сөнбеген шырпыны, темекі түтікшелердің ыстық күлін тастауға тыйым салынады!

Есіңізде болсын! Аталған ережелерді орындау сізге қауіпсіз демалуды қамтамасыз етеді.

Қатаң жаза – қасиетті қазынаның қорғаны

Қазақ жері – небір бағалы жануарлар мен өсімдіктерге бай өлке. Соның ішінде жиі-жиі қырғынға ұшыраса да, Қазақстан жерінде құрып кетпей келе жатқан киелі жануар – киік. Киік еті мен терісі, мүйізі үшін ауланады. Етінің дәмділігін айтпағанда, мүйізінен әр түрлі бағалы дәрі-дәрмек жасалатындықтан, қытайлар оны тәп-тәуір ақшаға сатып алады. Ақшаға құныққандар соңғы жылдары киікті мүйізі үшін қынадай қырды десе де болады.

Гүлнәр МАҒЗҰМОВА,
Алматы

Ғаламторға сенсек, Қазақстанда 1917-18 жылдардағы қыстың жұты киіктің жүздеген мың басын шығынға ұшыратыпты. Киелі жануардың жұт кесірінен жерімізде жойылып кетуін болдырмау мақсатында 1919 жылдан бастап Сарыарқада киік аулауға қатаң тыйым салынған. Қарап отырсақ, ол жылдары киіктер табиғи жұттан азайса, қазір адамдардың ашкөздігінен азайып бара жатыр екен. Қазақстанда киік 2006 жылы «Қызыл кітапқа» енгізіліп, үкімет тарапынан қамқорлыққа алынғанына қарамастан, киікті заңсыз аулау тоқтамай отыр. Сондай-ақ Қазақстанның су айдындары да бағалы балықтар мен су жануарларына бай. Бірақ осындай байлығымызды қалай бағалап жүрміз? Бүгінде заңсыз балық аулаушылар балықты небір қатыгез әдістермен аулауды шебер меңгеріп алған. Түрлі жарылғыш заттармен, ток арқылы балық аулауға тоқтам сала аламыз ба? Мұндай әрекеттердің өршуіне бірден-бір себеп – браконьерліккке қарсы заңнамалардың әлсіздігі болатын.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» деп аталатын Жолдауында «Соңғы уақытта болған қайғылы оқиғалар ұйымдасқан қылмыстың тағы бір түрі – браконьерлік проблемасының бетпердесін ашты. Бүгінде браконьерлер сақадай-сай жабдықталып, қаруланған және өздерінің жазалана қоймайтынына сенімді. Биылдың өзінде жануарлар әлемін қорғап жүрген екі инспектор браконьерлердің қолынан қаза тапты. Жақында Шығыс Қазақстан облысындағы Марқакөл көлінде браконьерлердің қылмыстық тобы ұсталды. Бұл тек бір ғана мысал, алайда браконьерліктің тамыры тереңге жайылған, соның ішінде бұл құқық қорғау органдарының салғырттығынан болып отыр. Браконьерлер ұлттық байлығымыз – табиғатымызға аяусыздықпен орны толмас зиян келтіруде» деп Үкіметке тиісті заңнаманы қатайту үшін шұғыл шаралар қабылдауды тапсырған болатын. Осыдан кейін «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру және жеке адам құқықтарының қорғалуын күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң қабылданып, ол 2020 жылғы 11 қаңтардан бастап күшіне енгізілді. Аталған заңға енгізілген өзгерістердің негізінде Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің экологиялық қылмыстарға қарсы баптары толықтырылды. Соның ішінде «Өсімдіктердің немесе жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген, сондай-ақ пайдалануға тыйым салынған түрлерімен, олардың бөліктерімен немесе дериваттарымен заңсыз айналысу» деп аталатын 339-бабы толықтырылып, киікті заңсыз қолға түсіру, жою, сол сияқты заңсыз қолға түсірілген киікті немесе оның дериваттарын, оның ішінде мүйіздерін иемдену, сақтау, өткізу, әкелу, әкету, жөнелту, тасымалдау – мүлкі тәркіленіп, үш жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға, сондай-ақ бірнеше рет жасалған, адамдар тобы жасаған, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда жасалған, адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып жасаған, ірі залал келтіре отырып жасалған іс-әрекеттер – мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бес жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, үш мыңнан жеті мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға қатаңдатылды. Ал қылмыстық топ құрып, табиғатқа аса ірі залал келтіргендерге – мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бес жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазалары көзделген. Сонымен қатар заңсыз аңшылық кішігірім қылмыстар санатынан ауыр қылмыстар санатына енгізілді.

Жыл басында Қылмыстық кодекстің «Балық ресурстарын, басқа да су жануарларын немесе өсімдіктерін заңсыз алу» деп аталатын 335-бабына да елеулі өзгеріс енгізілді. Қазақстанның теңіз-көлдеріне, су айдындарына жақын орналасқан ауылдардың негізгі тіршілік көзі – балық аулау. Бұл жерде мәселе балықты заңсыз аулау болғандықтан, осы бап бойынша қолданылатын жазаға да тоқталған жөн. Өзгеріс енгізілгенге дейін заңсыз балық аулаушыларға қолданылатын жаза жұмсақ әрі іс қозғалғанмен, оның сотқа жетуі қиын болатын. Ісі сотқа жеткендер айыппұлмен шектелетін, ал айыппұлдың мөлшері заңсыз балық аулауды сүйікті ісіне айналдырған бай-бағландар үшін салмақты сома емес еді. 2020 жылдан бастап аталған бап бойынша балықты жарылғыш немесе химиялық заттар, электр тогы не балық ресурстарын және басқа да су жануарлары мен өсімдіктерін жаппай жоюдың өзге де тәсілдері қолданыла отырып, аулаушыларға деген жаза үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру болып белгіленді. Ал қылмыстық топ құрып, табиғат байлығына ірі залал келтірушілерге және балық ресурстарын, басқа да су жануарларын немесе өсімдіктерін қолға түсіру жөніндегі қызметпен айналысу құқығынан айырылған адам жасаған

іс-әрекеттер қолданылатын жаза алты жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға қатаңдатылды.

Қылмыстық кодекстегі бұл өзгерістер табиғат байлығына өзінің ата-бабасынан қалған байлықтай қарайтындармен қатар, браконьерлермен ауыз жаласатын табиғат қорғаушыларды да құтқармайтын құрық болды. Дегенмен де заңсыз балық аулаушылардың қатаң жазадан құтылып кететін мүмкіндіктері әлі де баршылық. Мысалы, заңсыз балық аулаушыларды ұстаған кезде олар балықты сатып алып келе жатқандарына иландырып, ары кеткенде айыппұлмен құтылып кетеді. Олардың балықты заңсыз аулап келе жатқандарын дәлелдеу үшін балық аулау құралдары, яғни қайық және әр түрлі торларымен бірге ұстау керек. Осындау олқылықтарға байланысты браконьерлердің үстінен қылмыстық іс қозғауда айтарлықтай қиындықтар туындайды.

Ішкі істер органдарында Қазақстанның табиғи байлығын қорғаумен Табиғатты қорғау полициясы айналысады. Олардың атағы дардай болғанмен, көп облыстарда Жергілікті полиция қызметі басқармасына қарайтын топ деңгейінде жұмыс істейді. Топ болған соң, тіптен кейбір жерлерде бөлімше болғанмен де, олардың штат саны бір облыстың табиғи байлығына қол сұғушылармен қарқынды күресуге қауқарсыз. Мысалы, табиғатты қорғау полициясы тобындағы штат саны –3 бірлік, аудандарда – 1 бірлік. Олар жергілікті жерлердегі табиғатты қорғайтын басқа ұйымдармен бірлесіп, жұмыс істейді деген күннің өзінде миллиондаған гектар болатын қызмет көрсету аумағын қамти алмайтыны талқылауға да жатпайтын мәселе. Тағы бір айта кететін жәйт – табиғатты қорғау полициясы бөлімшелерінің техникамен жабдықталуы. Өзіміз куә болып жүргендей, аталған қызмет инспекторларының мініп жүргендері браконьерлердің тауға да, тасқа да зырғи алатын көліктерінің жанында ауылдың шабан торысы сияқты көліктер. Сондықтан заңсыз аң аулаушыларды қылмыс үстінде тап басып ұстау олар үшін оңайға түспейді. Мысалы, қуатты «Jeep» көліктерімен зырғыған браконьерлерді табиғат қорғаушы инспекторлардың ыңыранған «УАЗ»-ымен қуып жету мүмкін емес. Бұл орайда табиғат қорғау полициясының материалдық-техникалық базасын нығайту кезек күттірмейтін мәселелердің бірі болуы тиіс. Сонда ғана табиғат қорғау инспекторларының жұмыстары нәтижелі болады.

Көптеген аудандық полиция басқармалары мен бөлімдеріндегі табиғат қорғау инспекторларында көлік те жоқ, олар амалсыздан өз көліктерін қызметке пайдаланады. Табиғатты қорғау полициясы инспекторларының айлығы да ішкі істер органдарындағы басқа қызметтермен салыстырғанда төмен болғандықтан, аудандық аумақтарда бос тұрған бірлік саны жетерлік.

Мемлекет басшысының өткен жылғы «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» деп аталатын Жолдауында атап көрсетілгендей, «өздерінің жазалана қоймайтынына сенімді браконьерлерді» ауыздықтау үшін заңның қатая түскені табиғат байлығын қорғауға деген сенімді қадам болды. Ендігі кезекте ішкі істер органдарындағы табиғат қорғаушыларды техникалық жағынан жабдықтауды жақсарту қажет.

«Папилон»-ның пайдасы

Ақмола полицейлері «Папилон» АДАЖ базасының көмегімен ЖКО-ға түскен белгісіз ер адамның деректерін анықтады.

Альмира МАНАТОВА,
Ақмола облысы

«Папилон» автоматтандырылған дактилоскопиялық ақпараттық-іздеу жүйесі (АДАЖ) – дактилоскопиялық ақпаратты тіркеу, өңдеу, салыстыру және теңестіру процестерін автоматтандыруға және кез келген көлемдегі және әр түрлі мақсатты бағыттағы дактилоскопиялық деректерді құруға арналған модульдік, масштабталатын жүйе.

Айта кету керек, жыл басынан бері «Папилон» АДАЖ деректер базасына сәйкес облыста 231 қылмыс фактісі бойынша қол іздерінің идентификациясы орнатылды. Анықталған тұлғалардың жасалған қылмыстарға қатыстылығын тексеру барысында 231 адамның 137-і күдікті болып табылады: кісі өлтіру бойынша – 11 факт, денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру – 13, денсаулыққа қасақана орташа ауырлықтағы зиян келтіру – 9, ұрлық – 59, тонау – 6, қарақшылық – 3, автомобильді заңсыз иелену – 6, бұзақылық – 4 және басқа да қылмыстар – 120.

Сонымен қатар танылмаған 17 мәйіттің жеке басы анықталды.

Мысалы, Степногорск қаласы ПБ кезекші бөліміне 22 жастағы жергілікті тұрғыннан «Степногорск-Заводской» автожолының 8 шақырымында 35 жастағы түр-әлпеті еуропалық ер адам табылғаны туралы телефон хабарламасы келіп түсті. Ол жергілікті ауруханаға жеткізілген.

Жағдайды анықтау үшін оқиға орнына полиция қызметкерлері шықты. Кейін алған жарақатынан ер адамның қайтыс болғаны белгілі болды, оның жанында құжаттар да, ұялы телефон да болған жоқ.

Тәртіп сақшылары «Папилон» АДАЖ базасының көмегімен ер адамның жеке бас деректерін бірнеше секунд ішінде анықтады, ол 32 жастағы жергілікті тұрғын болып шықты, ол кезекті отырыстан соң үйіне жаяу бармақшы болған.

Аталған факті бойынша полиция қызметкерлері ҚК-нің 345-бабы «Көлік құралдарын жүргізуші адамдардың жол қозғалысы немесе көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзуы» бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу жұмыстарын жүргізуде.



№43 (4593), сәрсенбі, 10.06.2020 e-mail: sakshy@mediaovd.kz SAQSHY

Құқықтық мемлекет қағидатында

(Польша мен Германияның түрме жүйесін реформалау тәжірибесі)

Осының алдындағы мақалада (Сақшы,№30) Грузияның түрме реформасын зерттеу сапарынан түйгендеріммен бөліскен едім.

Бұл мәселеде өзіне назар аудартатын келесі елдер – Польша мен Германия. Аталған елдердің тәжірибесін кешенді зерделеу мақсатында 2011 жылдың сәуір – мамыр айларында қазақстандық делегация жіберілген болатын, оның құрамына менімен қатар Қостанай облысы бойынша ҚАЖ департаменті бастығының міндетін атқарушы Б.Т. Оразалин де кірген еді.

Жалпы, Польшада түрме жүйесін реформалау 1989 жылы маусымда парламенттік

сайлау нәтижесінде қоғамдық құрылымды өзгертуден басталған. Ондағы реформаның жолын кең шолу үшін тарихқа жүгінуге тура келеді. Соғыстан кейінгі кезеңде Польша түрмелерінде сотталған адамдар құқықтарының елеулі бұзылуы орын алды, қауіпсіздік қызметі үстем болды. Жағдай 1956 жылдың күзінде түрмелер Ішкі істер министрлігінің құзыретінен Әділет министрлігінің қарамағына берілгеннен кейін өзгерді.

1956-1989 жылдар кезеңіне түрме саясатындағы қарама-қайшы үрдістер тән. Бір жағынан, жаңғырту және ізгілендіру процесі басталды. Түрме қызметіне психолог мамандар енгізілді, тәрбиешілер құрамы нығайтылды, қамаудағыларды оқыту кеңінен жүргізілді, наркологиялық және алкоголь тәуелділігінен және т.б. емдеу жүзеге асырылды. Бұлар белгілі бір кідіріссіз, тіпті шегіністсіз болған жоқ, бірақ тұтастай алғанда алға жылжу айқын байқалды. Алайда екінші жағынан, лауазымды адамдар тарапынан қамаудағылардың құқықтарын бұзу және ұрып-соғу қолданылды, камерадағыларды қорлау үшін әкімшілікке және т.б. жұмыс істейтін сенімді сотталғандар пайдаланылды. Қамаудағылар үшін түрлі шегерімдерден соң қалатын болмашы сыйақыға олардың еңбегін қатал пайдалану күрделі мәселеге айналды. Жұмыс істейтін қамаудағылар көбінесе қарапайым құқықтарынан айырылды, атап айтқанда, қамаудағы жұмыс кезеңі қарттық немесе мүгедектік бойынша зейнетақы алу құқығын алу үшін қажетті жалпы еңбек өтіліне есептелмеді.

Қамаудағылардың жағдайында сол уақытта жүргізілген, жазаны өтеу шарттарын қатаңдату үрдісіне ұштасқан, мысалы, бұзып ұрлауға кінәлілерге қатысты төтенше репрессивті қылмыстық саясат айтарлықтай көрініс тапты.

1981 жылы 13 желтоқсанда әскери жағдай енгізілгеннен кейін сол кездегі биліктің он мыңнан астам саяси қарсыласы түрмеге тоғытылды. Бұл адамдарға қарсы қандай да бір қылмыстық айып тағылған жоқ. Олар тек саяси себептер бойынша бас бостандығынан айырылған. Қамаудағылардың құқықтарының бұзылуы әр түрлі наразылықтар тудырды, олар тіпті бүлікке ұласты.

1990 жылы түрме қызметінің басшылығы бұрынғы оппозиция қатысушыларынан тұратын жаңа команданы қабылдады. Олар пенитенциарлық мәселелерді арнайы әдебиеттерден, сондай-ақ түрмелерде жүргізілген көп жылдық ғылыми зерттеулер бойынша да жақсы білетін адамдар еді. 1989 жылдан 1996 жылға дейінгі кезеңде Польшадағы түрме жүйесі елеулі өзгерістерге ұшырады. Көптеген реформалар өмірге келді және түрме қызметін қайта ұйымдастыруға, түрме қызметкерлерінің басым бөлігін ауыстыруға, азаматтық қоғамның түрлі институттарымен, түрмеден тыс саладағы одақтармен және қауымдастықтармен байланыс орнатуға, мемлекет пен қоғамдық құрылымдардың тарапынан тергеу изоляторлары мен түрмелердің қызметіне неғұрлым сапалы бақылау мен қадағалауды қамтамасыз етуге мүмкіндік туғызды. Бас бостандығынан айырумен байланысты үкімдерді орындау көптеген параметрлер бойынша өзгерді. Қамаудағылар түрмеге қамаудың гуманистік және құқықтық жағдайларымен қамтамасыз етілді және олардың азаматтық құқықтары сақталды. Сондай-ақ ұстау жағдайлары айтарлықтай ауқымда жақсарып, сотталғандарға қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауға үлкен мүмкіндік берілді.

Қабылданған кешендік шаралардың ішіндегі ең маңызды қадам Қылмыстық және Қылмыстық-атқару кодекстерінің әзірленуі және қолданысқа енгізілуі (1998 ж.) болды, олар қылмыстық саясатты неғұрлым тиімді жүргізуге мүмкіндік берді. Қамаудағылардың саны екі есеге азайды және 38 млн. халыққа 74 мың адамды құрады.

Атап айтқанда, Қылмыстық кодекс бас бостандығынан айырумен байланысты емес шаралардың басым болу принципін бекітті, қамаудың ең жоғары мерзімдерін азайтуға мүмкіндік беретін ақылға қонымды тәсіл негізінде жаза мерзімінің ұзақтығын белгіледі. Сонымен қатар, егер құқық бұзушылық ең көп дегенде бес жылға дейін бас бостандығынан айыруға әкеп соқса, сот мұндай жаза тағайындаудан бас тартып, айыппұл немесе бас бостандығын шектеу қолдана алады, әсіресе келтірілген залал өтелген жағдайда. Осындай жазаны жеңілдету кәмелетке толмағандарға қатысты қолданылуы мүмкін.

Бұдан басқа кодекс бұрын ұзақ қамауда ұстауға жазаланған рецидивистер үшін қамау мерзімінің ұзақтығын айқындайды, оларға жаза мерзімінің 3/4-ін өтегеннен кейін шартты түрде мерзімінен бұрын босату құқығын береді.

Сонымен қатар кодекстер, негізінен елеусіз құқық бұзушылықтар үшін сотталғандарға қатысты, түрме халқының санын реттеудің бірнеше тәсілдерін көздейді (айыппұлды төлемегені үшін сотталған адамдарға қатысты соттың бас бостандығынан айыру түріндегі үкімді орындауды тоқтата тұруы; сотталғанның мерзімінен бұрын шартты түрде босатуға өтініш беру құқығы; төленбеген айыппұлды қоғамдық жұмыстармен ауыстыру, оны төлеу мүмкіндігі болмаған жағдайда т. б.).

Жазаларды орындау ерекшеліктері ішінен келесілерді атап өту қажет:

– бас бостандығынан айыруды орындау әр түрлі (жабық, жартылай жабық және ашық) түрме мекемелерінде ғана (156) жүзеге асырылады;

– бас бостандығынан айыруды орындау шарттарын саралаудың жоғары деңгейі (бағдарламалық әсер ету, терапиялық және жалпы жүйелер). Атап айтқанда, терапевтік жүйеде психикасы бұзылмаған, ақыл-есі кем, алкогольге, басқа да есеңгіретін немесе жүйкеге әсер ететін заттарға тәуелді сотталғандар мамандардың, әсіресе психологиялық, медициналық немесе оңалту көмегін қажет ететін мүгедек-сотталғандар жазасын өтейді. Жеке ықпал ету бағдарламалары сотталғандарды әлеуметке қосуға бағытталған. Мысалы, ерлер мен әйелдерді бір мекемеде жалпы спорттық, мәдени-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыра отырып, бірге ұстау қолданылады;

– өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталған адамдардың жазасын өтеу жағдайларын, оларды жазасының 15 жылын өтегеннен кейін жартылай жабық түрге және 20 жыл жазасын өтегеннен кейін ашық түрге ауыстыру арқылы жақсарту мүмкіндігі;

– сотталғандардың туыстарына кездесу кезінде тек түрме аумағында азық-түлік сатып алуға рұқсат беру;

– сотталғандарды оң мінез-құлыққа ынталандыру мақсатында көтермелеуді қолдану.

Түрме салу тәжірибесі де өзіне назар аудартады. Реформалаудың барлық кезеңінде үш мекеме ғана салынған. Оларды салу құнының жоғарылығы себепті «түрме-түрме» жүйесі бойынша қауіпті қылмыскерлер мен мекеменің қызметіне іріткі салатын адамдар үшін павильондар салу қолданылады.

Сапар кезінде делегация жобасы толығымен еуропалық нормаларға сәйкес келетін жаңа түрмеге (Петркув-Трыбунальский қ.) ресми түрде барды.

Үлгі аларлық тәжірибенің бірі – қылмыстық орта серкелерінің ықпалына қарсы тұру. Көптеген жылдар бойы Польшада кеңестік (ресейлік) түрме субкультурасының әсерін шектеуге бағытталған шаралар жүргізіліп келеді.

Аталған адамдар аса қауіпті қылмыскерлермен қатар қатаң өтеу жағдайларымен жабық түрмелерге немесе бұл үшін арнайы құрылған жергілікті учаскелерге (павильондарға) орналастырылды. Тиісті тәртіптік шаралармен үйлесімде бұл айтарлықтай нәтиже берді. Соңғы жылдары мекемелерде дене мүшесін зақымдау, бүліктер мен қашу сияқты жаппай акциялар тіркелген жоқ.

Ең ауыр оқиға – сотталғанның өзіне-өзі қол жұмсауы.

Арнайы контингенттің негізгі шоғырына қатысты қамаудағыларға тілектестік қарым-қатынасымен ерекшеленетін және қажетсіз қатаңдату мен олармен жұмыс жасаудағы шектеулерді алып тастайтын «релаксация» принципі қолданылды. Азаматтық қоғамда жалпы қабылданған қарым-қатынас нысаны қолданыла бастады, әскери муштрадан бас тартылды, қамаудағылар мен қызметкерлер үшін ортақ спорттық және өзге де іс-шараларды өткізуге рұқсат берілді, кездесулер саны арттырылды, оның ішінде интимдік кездесулер, жылына бірнеше рет қысқа мерзімді демалыс берілді, камераларда теледидарлар, радиоқабылдағыштар және т. б. ұстауға мүмкіндік берілді.

Реформа түрме қызметкерлерінің көп бөлігін ауыстыруға әкеп соқты. Мәселен, бұрынғы лайықсыз әрекеттерімен атына кір келтірген адамдардың жаңа жағдайда өз орнын таба алмайтындай атмосфера құру арқылы лауазымды адамдардың 40%-ы қызметтен босатылды. Бұл ретте «тазалау» процесі жүргізілмегенін атап өту қажет (Грузия, Балтық жағалауы елдері).

Түрмелерге сапар кезінде 22 мыңға жуық адам жұмыс істеп жатты (17%-ының жоғары білімі болды. Офицерлер төрт мыңға жуық болды. 40 жасқа дейінгі қызметкерлердің саны – 50%, 50 жастан жоғары – шамамен 2%), оның ішінде 8%-ға жуығы азаматтық қызметкерлер (негізінен дәрігерлер мен мұғалімдер). Қалғандары – түрме қызметінің аттестатталған лауазымды тұлғалары. Оқу орталықтары арқылы жыл сайын бес мыңға дейін маман даярлаудан өтеді, бұл персоналдың тұрақсыздығының жоғары деңгейін көрсетеді.

Түрме ведомствосының бір қызметкеріне шамамен үш қамалушыдан келеді, олардың көпшілігі күзет бөлімшелерінде жұмыс істейді.

Түрме қызметінің лауазымды адамдарының еңбегі үшін орташа сыйақы ел бойынша орташадан шамамен 17%-ға жоғары. Дегенмен, ол пенитенциарлық жүйеде жұмыс істеу үшін ынталандыра алатын мөлшерге жетпейді. Тағы бір қызықты тәжірибе, бұл – қызметкерлердің, олардың отбасы мүшелерінің санаториялық емделуін және демалуын, оның ішінде қысқа мерзімді біліктілікті арттыру курстарын өткізу арқылы жекелеген оқу орталықтары базасында ұйымдастыру.

Біздің делегация болып келген келесі ел Германия Федеративтік Республикасы болды, оның қылмыстық саясатының моделін біз базалық ретінде аламыз. Германия қылмыстық-атқару жүйесін басқарудың ерекшелігі Әділет министрлігі мен түзеу мекемелерінің (ҚАЖ Комитетінің) арасында орта буынның болмауы болып табылады. Пенитенциарлық мекемелер олар орналасқан федералдық жерлердің әділет министрліктеріне бағынады.

Бүгінде елдің 250 түрмесінде 63 мың қамаудағы адам бар. Қамаудағылардың 35%-ы шетелдіктер екені белгілі. Сотталғандардың 40%-ы ұрлық, тонау және бопсалау үшін, 8%-ы кісі өлтіргені үшін, 7%-ы жыныстық қылмыстары үшін, 5%-ы дене жарақаттары үшін, 10%-ы есірткімен байланысты қылмыстары үшін жазасын өтеуде.

Алты айдан астам мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталғандардың барлығы алғашқы жарты жылда қатаң жеке қамау жағдайында болады. Осы уақыт ішінде жеке басын тексеру жүргізіледі, оның нәтижелері бойынша қамауға алу нысаны, жұмыс түрі, оқыту, медициналық қадағалау, тәрбиелік, оның ішінде діни әсер ету сипаты анықталады

Нұрлан БИЕКЕНОВ,
ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясының бастығы,
заң ғылымының докторы

(жалғасы келесі санда)

Досбол Сапарның анасы – Жұлдыз Құдабаева:

«Ұлым Отанның оттан да ыстық екенін көрсетті»

Ішкі тұрақтылық болмаған жерде дербес мемлекет атандырған азаттықтың да, қол жеткізген жетістіктеріміздің де, ұлттық құндылықтарымыз бен алға қойған жоспарларымыздың да болашағы бұлыңғыр. Тәуелсіздік алған бойда күштік құрылымдар ішінде алғаш боп құрылған Ішкі әскер, бүгінгі Ұлттық ұланның міндеті де сол – қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Еліміздің бейбіт өмірін сақтау жолында құқықтық тәртіп әскерінің жеке құрамы жан аянбай қызмет етіп келеді.

Мөлдір НӘЛІБАЕВА,
Ақтөбе

Даму бар жерде, аяқтан шалу бар. Осы жылдар ішінде татулығы мен бірлігі жарасқан қазақстандық қоғамда бүлік шығаруға, қылт еткен әлеуметтік мәселенің соңын үлкен дауға айналдыруға дайын тұрар топтар әр кезеңде бой көрсетіп келеді. Айтып келмейтін табиғи апаттың артынан саяси ілік іздеп, елдегі оң өзгерістің өзінен сылтау тауып, ел ішін арандатуға құмар қара ниеттілердің жоқ емесін бәріміз жақсы білеміз. Билікті заңсыз жолмен қолға алуға бір топтар астыртын әрекет етсе, енді бірі ашық шабуыл жасайды.

2016 жылдың 5 маусымы мамыражай өмірге үйренген халқымыздың есінде елді дүр сілкіндірген оқиғасымен қалды. Осыдан тура төрт жыл бұрын Ақтөбе қаласында, ел арқасын кеңге салып демалып жатқан жексенбінің жайбарақат күнінде қанды қақтығыс орын алды.

Сол күні тып-тыныш қалашықтағы аулалардың біріне 40-тан аса адам жиналып, екі сағаттай өзара бір келіссөздер жүргізген екен. Оларды байқаған тұрғындардың басына жаман ой келе қоймағандықтан, белгісіз топтың беймәлім жиыны туралы ешкім құқық қорғау органдарына хабар бермеген. Ал әлгі топ мүшелері бір шешімге келе алмай, жоспарлаған мүддені жүзеге асыруға 25-і бел буып, қалғаны жиһад жасауға моральдық тұрғыдан дайын еместігін айтып, ойынан айниды.

Жиырма бестің 10-ы қаладағы «Паллада» және «Пантера» қару дүкендеріне шабуыл жасауға аттанды. Ал 15-і қоғамдық көлікті тоқтатып, ішіндегі жолаушыларын түсіріп тастап, осы автобуспен Ұлттық ұланның 6655 әскери бөлімінің қақпасын бұзып кіреді. Олар демалыс күнінде бейқам отырған әскерилер мұндай «тосын сыйды» күтпейтінін біліп, кенеттен тап берген болатын. Діттеген мақсатқа жететіндеріне сенімді болды. Күтпегені рас. Бұл ойлары дұрыс еді. Алайда, қылмыскер топ құқықтық тәртіп әскері жауынгерлеріне тән қасиеттің бірі қырағылық екенін, пышақпен ғана жасақталған бөлім кезекшілері мен қарауылының, өткізіп-бақылау пункті бақылаушыларының асқан өжеттікпен төтеп берерін, қажет болған жағдайда, тіпті, өмірін құрбан етерін есепке алмайды. Қызметіне адал ұландықтардан мұндай жанқиярлық тосқауыл күтпеді. Теке-тірескен ашық атыста үш әскери қызметші ажал құшып, бірнешесі ауыр жарақат алды. Қарумен бетпе-бет келіп, оқ атса да, қару-жарақ қоймасын басып алуды көздеген қылмыскерлерге біздің ержүрек сарбаздарымыз бөгет бола білді. Қару мен оқ-дәріге қарық болып, орасан күшке ие боламыз деп келген қылмыскерлер ақыр соңында жан-жаққа қашып, әрқайсысы қаланың әр шетіне жан сауғалап кетті.

Сол жолы билік бұл оқиғаға террористік акт деген баға беріп, төтенше жағдай жариялады. Ақтөбе халқы қашқындар толықтай құрықталғанша, бір апта сыртқа шықпауға мәжбүр болды. Дегенмен, мұндай ланкестікті көптен бері жоспарлаған топтың арам пиғылы жүзеге асқанда, жағдай бұдан да ушығар ма еді, кім білсін?..

Елге төнген қауіпті шабуылға дер кезінде тойтарыс берген ұландықтар мемлекеттік наградаларға лайық деп танылды. Оқиға кезінде қаза тапқан майор Даниэль Майлыбаев, кіші сержант Берік Қалиев және қатардағы Досбол Сапарға Президент Жарлығымен «Айбын» ордені берілді. Өкініштісі сол, қаза болғаннан кейін... Буыны қатайып, нағыз азамат атанған шағында айрылып қалған перзентін жоқтаған ананың сол кезде айтқан сөзі көпшіліктің қабырғасын қайыстырып еді.

Досболдың анасы Жұлдыз Құдабаева арада бір жыл өткенде, 2017 жылдың 5 маусымында ұлы мәңгілік сапарға аттанған әскери бөлімге келеді. Бұл бөлімшеге алғаш рет Досболы «Отанға адал қызмет етемін!» деп ант бергенде келіп еді. Екінші ретте сол антына адал боп, Отанының тыныштығы жолында жанын берген ұлының құрметіне қойылған «Мәңгілік сапта» ескерткішінің ашылуына келді. Кеше ғана қолына қару алып жас сарбаз атанған баласының ерлік бұрышындағы батыр бейнесіне қарап егіле жылады. Қимады. Көңілі сенбеді. «Қайтейін, құлыным... Өзі берген баланы Алла өзі алады. Ел қорғау жолында шейіт болғаныңа өкінбеймін, тек жас кеткенің өзегімді өртейді. Бірақ балам, сен аз да болса, өнегелі өмір көрсеттің. Отанның оттан да ыстық екенін ұғындырып кеттің» деп жоқтаған-ды...

Міне, содан бері тағы бірнеше жыл артта қалды. Биыл Ақтөбе оқиғасына төрт жыл толып отыр. Былтыр марқұм Досболдың әкесі Еркінбек Әбдіқадыровтың шаңырағына Тәңір тағы бір ұл сыйлады. Жұлдыз апайдың көз жасын Жаратқан көрсе керек-ті. Тілегін берсе керек-ті. Күпірлік етпей, «Алла өзі алады, өзі береді» деп ұлының еліне адал болғанына, оған жаман тәрбие бермегеніне шүкірлік еткенін ескерген сияқты.

Жұлдыз ханыммен хабарласып, хал-жағдайларын сұрағанымызда, бұрынғыдай салы суға кеткен, ботасын жоқтап боздаған аруанадай емес, көңілі біршама толығып, еңсесі көтерілгенін жайдары даусынан аңғардық, Досболдың есімін естісе болды, көз жасына ерік беретін ана бүгінде ұлының ерлігін мақтанышпен айтып, бала күнгі қылығын терең сағынышпен еске алады.

– 1997 жылғы еді ғой Досболым. Мектеп қабырғасында-ақ түрлі әскери-патриоттық шараларға қатысып, өзін Отан қорғаушыдай ұстайтын. Күзгі шақырылым кезі келгенде, әскерге баруға жасына бірнеше ай жетпей тұрған еді. Соған қарамай, қыр соңымыздан қалмай, қайта-қайта Қорғаныс департаментіне өтініш айтқызып, өз еркімен сұранып кеткен болатын. Осы оқиға орын алардан бір ай бұрын әр хабарласқанымызда, келісімшартпен әскери қызметті жалғастыруға қалатынын айтып жүрді. Бөлімше командирі немесе әскери жасақ бастығы болғысы келетін. Әскерге кеткеніне жеті ай болып қалған кезі еді. Алдындағы аға буын сарбаздары кетіп, өздері қызметте әбден шыңдалған шағы болатын. Алланың жазуына не шара?! Бұл арманы жүзеге аспаса да, Отан алдындағы азаматтық борышын толық өтеп кетті деп білемін, – дейді ана көңілі толқып.

– Досболдан кейінгі қызым Гүлнұр – 1999 жылғы. Досболдың денесін Ақтөбеден үйге алып келгенде, бірге қарулас болған Ақжол есімді жауынгер досы да келген болатын. Араға біраз уақыт салып, қырық күндік асында да жолдастығын танытып, қызмет көрсетіп жүрді. Сол оқиғадан кейін біраз сарбазды Алматыдағы әскери бөлімге ауыстырыпты. Содан Ақжол Шайсұлтан Ұлттық ұландағы қызметін келісімшартпен жалғастырып қалды. 2017 жылы Ақтөбеге әскер басшылығының өкілі, генерал-майор Мұқаметқали Сатов мырзамен барған кезде де, Ақжол қасымызда болды. Досболымның көзі кетсе де, адал досы бола білген осы бала Гүлнұрымен көңілдері жарасып, отау құрды. Қазір ол бізге күйеу бала емес, тұңғышымыздың орнын жоқтатпаған өз баламыздай. Алматының Қараой деген жерінде тұрады, Ернұр және Томирис есімді екі кішкентайлары бар, – деген Жұлдыз апай қуанышын бізбен бөлісті.

Тағы бір айта кететін жәйт, 2016 жылдың күзінде Көксуда тұратын Еркінбек аға мен Жұлдыз апайдың отбасына аудан әкімі үй беріп, Шардара қаласына көшіріп әкепті. Бала тәрбиесіне қатал Еркінбек мырза ұлдарын үй шаруасына, мал шаруашылығына, спортқа бейімдеген. Досболдан кейінгі Ербол ағасына тартып шабандоз болды. Бүгінде тоғызыншы сыныпқа көшкен ол ағасы Досбол баптаған арғымақты көкпарға қосып жүр. Таэквондоны да меңгеріп жүр. Досбол үйдің үлкені болғасын ерте есейді. Өзі де болмысынан сабырлы, әр қадамын ақылмен шешетін. Ал Ербол шапшаң, жалындап тұр. Дегенмен, ағайындыларға ортақ қасиет – табандылық. Олар еркелікті білмеді. Өйткені, әкелері Еркінбек аға – нағыз патриот. Ұлдарының бойына нағыз қазақ жігіттеріне тән мінезді қалыптастырды. Ербол Досболдың көкпардан, күрестен алған грамота, медальдарына қарап, «Айбын» орденін қызықтап, ағасы сияқты елінің ұлтжанды да батыл қорғаушысы болуға бекінген. Оның бұл тірлігіне сүйсінген ата-ана тұңғыштары Досболдың бауырына дұрыс жол көрсетіп кеткенін жанға медеу етеді.

– Өткен жылы бізді Бас қолбасшы астанаға шақырған. Аяғым ауыр болғандықтан, мен бара алмадым. «Келін неге келмеді?» деп сұрағанда, жолдасым себебін жасырмай айтыпты. Сонда қызмет барысында бақылық болған сарбазының орнына тағы бір батыр келетінін естіген Руслан Жақсылықов мырза қатты қуаныпты. Сүйіншіге отағасына жолдама беріп, жолдасым он күн Қытайда демалып келді. Аман-есен босанған соң, кенжеміздің атын сол кісінің құрметіне Руслан деп атадық. Әскер басшысы секілді беделді, әділ, ықпалды, жомарт, елге қызмет етер ұлтжанды азамат болсын деген ниеттеміз. Тағы бір айтайын дегенім, ескерткіш бұрыштың ашылуына орай Ақтөбеге барғанымызда, марқұм Даниэльдің ата-анасымен танысқан едік. Ол кісілер бізбен рулас туыс болып шықты. Содан бері хабарласып, жақын араласып тұрамыз. Даниэльдің анасы Гүлсара апай невролог дәрігер екен. Перзент қайғысы ауыр ғой, Досболдың ажалын көтере алмай, ауырып қалған едім. Соны көрген Гүлсара апай 2018 жылы өзі қызмет ететін ауруханаға жатқызып, мені емдеп жазды. Алла разы болсын деймін ол кісілерге! Осындай жақсылықты көргенде «Тәубе!» дейді екенсің. Әр істе бір қайыр болатыны секілді, балам Досбол да өзінен кейінгі қаншама сарбазға үлгі болды. Әлі де бола бермек. Осыдан 25 жыл бұрын біздің Шымкенттен тәжік-ауған шекарасына аттанған сарбаздар да менің ұлым сияқты, 17-19 жастағы бозбалалар болыпты. Тағдырдың жазуына кім қарсы келген дейсіз?! Олар да сол жерде көз жұмамыз деп ойлаған жоқ. Ел үшін жанын пида етті. Былтыр солардың ерлігіне арнап фильм түсіріпсіздер. Бұл – өте өнегелі іс. Ерлік деген ешқашан ұмытылмайды! Ұмытылмауы тиіс! – деді батырдың анасы сөзінің соңында.

Иә! Бұл шаңырақта Досболдай батырдың өнегесін бойына сіңіріп, жолын қуып келе жатқан, Ербол Отарбаев ағасындай ерлік жасауға әзірден дайын Ербол барда, әскер басшысының есімін иемденген Руслан өсіп келе жатқанда, елімізде қандай болса да, қайдан келсе де, кезкелген қауіп-қатерге төтеп беруге қабілетті Ұлттық ұландықтар тұрғанда елдің тыныштығына ешкім де қол сұға алмас. Еліміздің Туын оңайлықпен жыға алмас! Ел тыныштығы – әрдайым ер қаперінде. Ал ер есімі – әрқашан ел есінде!

Солтүстік Қазақстан облысы Полиция департаментінің басшылығы, жеке құрамы және ішкі істер органдарының ардагерлер кеңесі Петропавл қаласы Полиция басқармасының аға жедел уәкілі, полиция капитаны

Қасенбай АХМЕТОВТІҢ

қайтыс болуына байланысты туған-туыстары мен жақындарына қайғырып, көңіл айтады. Қызмет атқарған жылдар ішінде ол өзінің кәсібилігі мен адами қасиеттерін көрсете білді. Оның ақжарқын, ақкөңіл бейнесі әріптестерінің есінде мәңгі қалады.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ардагері, отставкадағы полиция полковнигі

Надырғали ТОҚАЖАНОВТЫҢ

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Тағзым

Ұлы Жеңістің 75 жылдығына орай Павлодар облысының Ақсу ауданына қарасты Қалқаман кентінде Кеңес Одағының Батыры Иван Суптельдің құрметіне ескерткіш тақта қойылды. Ескерткіш Қалқаман ауылындағы № 13 өрт сөндіру станциясының қасбетіне, даңқты жерлеске арналған алаңға орнатылды. Иван Суптель өмірінің соңғы жылдарында дәл осы станцияда еңбек еткен болатын.

Әсел ЖАҚСЫБАЙ,
Павлодар облысы

Ұлы Отан соғысының тарихы Отан үшін от кешкен миллиондаған адамдардың жанқиярлық көзсіз ерлігіне толы. Уақыт жылжып алыстағанымен, бабалар ерлігі жаңғыра бермек.

Ерлігі ел есінде қалған сондай даңқты майдангерлердің бірі – Ресей Федерациясының Новосибирск облысының тумасы, Кеңес Одағының Батыры Иван Суптель. Ол 18 жасында Қазақстанға қоныс аударып, Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауылындағы Ертіс зауытында слесарь болып еңбек жолын бастайды. Сол жылдары бірден әскер қатарына шақырылады. Екінші дүниежүзілік соғыс басталғанда сарбаз қан майданға аттанады. 1943 жылдың қыркүйегінен бастап кіші лейтенант Иван Суптель Воронеж майданының 40-армиясы 309-шы атқыштар дивизиясы 957-ші атқыштар полкінің атқыштар құрамын басқарады. Ұрыс даласында, әсіресе, Днепр шайқасы кезінде көрсеткен ерлігі үшін кіші лейтенант Иван Суптельге Кеңес Одағының Батыры атағы беріліп, Ленин орденімен және «Алтын жұлдыз» медалімен марапатталды.

Ол майдан даласында бес рет жараланған. 1944 жылы кезекті рет алған жарақатынан ұзақ емделген соң ол денсаулығына байланысты әскерден шығарылып, Қазақстанға Ертіс полиметалл зауытына еңбекке араласады. Одан кейін Бұқтырма су электр станциясының және Ертіс-Қарағанды каналының құрылысында жұмыс істейді. Сәтбаев каналының құрылысы аяқталғаннан кейін өмірінің соңғы он жылында Қалқаман кентінде өрт сөндіруші болып еңбек етті. Соғыс аяқталғаннан кейін елге оралған көптеген сарбаздар тиісті жерлерде жұмыс атқарды. 37 әскери қызметші Павлодар облысының өрт сөндіру бөліміне қызметке келді, олардың көпшілігі лайықты зейнет демалыстарына сол жерден кеткен.

Салтанатты шараға Павлодар және Ақсу қалаларының азаматтық қорғаныс ардагерлері, қоғам өкілдері қатысты. Мемориалдық тақтаны ашу құрметі Майқайың кентіндегі №21 өрт сөндіру бекетінің өрттен құтқарушысы, азаматтық қорғаныс кіші сержанты, Артем Колокольников пен Павлодар қаласындағы №1 арнайы өрт сөндіру бөлімінің өрт сөндіруші-құтқарушысы, азаматтық қорғаныс сержанты Максим Марейчевке ұсынылды. Бұл қызметкерлері жастығына қарамастан, «Ерлігі үшін» медальдарымен марапатталған.

Мемориалды тақтаның ашылу салтанатына қатысқан облыстық төтенше жағдайлар департаментінің бастығы, азаматтық қорғаныс полковнигі Ернұр Өтегенов азаматтық қорғау органдарының жеке құрамы мен өскелең ұрпақты патриоттыққа тәрбиелеуде мұндай шаралардың маңыздылығын атап өтті.

Павлодарлық өлкетанушы, фотограф және өз елінің патриоты Жұмағали Сейтеновке Кеңес Одағының Батыры туралы материалдарды іздеуді ұйымдастыруда үлкен көмек көрсеткені үшін ерекше алғыс айтылды.

Бүгінде өрт сөндірушілер мен құтқарушылардың жас буыны аға әріптестері мен тәлімгерлерінің даңқты дәстүрлерін жалғастырып келеді. Қарапайым қызметкерлер өрт болған жағдайда өз міндеттерін адал атқара отырып, адамдардың өмірін, мүліктерін сақтап қалуда аянбай қызмет етуде. Мысалы, Шідерті кентінің өрт сөндіру қызметінің басшысы Расул Ысқақов кенттегі бір үйде қызыл жалын тұтанғанда, газдың жарылуына жол бермеген. Артем Колокольников болса, өз өмірін қатерге тігіп, өртеніп жатқан үйден дереу жеті газ баллонын сыртқа шығарған. Ақсу қаласының № 14 төтенше жағдайлар бөлімінің командирі Қуаныш Төлеуов, Майқайың кентінің төтенше жағдай станциясының бұрынғы бастығы Қуандық Омаров жарылыстың қауіп-қатері төніп тұрған уақытта үйден жеті жастағы қызды сыртқа шығарып, құтқарып қалған.

Егер соғыс жылдарында «Ерлігі үшін» медалі ерекше ерлігі үшін берілсе, бейбіт уақытта да қызметтік борышын жанқиярлықпен орындағаны үшін ел Президентінің қолымен берілген мемлекеттік жоғары награда болып табылады. Осыны ескере келген ардагерлер мен Ақсу қаласы әкімінің орынбасары Балтабай Қапасов Ақжол ауылындағы Иван Суптельдің бейітіне гүл шоқтарын қойды. Оның есімі Ақсу қаласы мен Қалқаман ауылындағы көшелерге берілген. Батырдың мүсіні Павлодардағы Жеңіс алаңында және Ақсу қаласындағы Даңқ аллеясына орнатылған.

Шайтанарбаңа мұқият бол!

Ақтөбелік полицейлер АІК (ақпараттық іздеу картасы) «Велосипед» базасын құрды. Осы базаға ерекше белгілер, маркасы, түрі, түсі, шығарылған жылы, раманың түрі, иесі туралы мәліметтер, өндіруші елі және т.б. қосымша ақпарат енгізіледі.

Ерболат САРҚҰЛОВ,
Ақтөбе облысы

Велосипед ұрлығының алдын алу мақсатында ақтөбелік полицейлер сатушылар мен велосипедшілер арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізуде. Тәртіп сақшылары азаматтарға жолдағы қауіпсіздік шаралары мен велосипедтерді сақтау ережелерін түсіндіруде.

Жыл басынан бері Ақтөбе облысында 46 велосипед ұрлығы тіркеліп, оның 30-ы ашылды.

– Жоғарыда аталған іс-шара велосипедтерді ұрлау фактісін ашуға көмектеседі, өйткені біз велосипед кімге тиесілі екенін рамалардың нөмірлері бойынша біле аламыз. Жаз басталысымен велосипед ұрлығы жиілеп кетті. Велосипед сататын орындарда сауда орындарының иелерімен жаңа велосипедтерді аталған категориялар бойынша есепке қою қажеттілігі туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілуде, – деді Ақтөбе облысы ПД бастығы Атығай Арыстанов.

А.Арыстановтың айтуынша, үй иелерінің салғырттығы, яғни велосипед төлқұжатын сақтап қоймауы салдарынан оның сатып алынғандығын дәлелдеу көп жағдайда мүмкін болмай жатады. Осыдан келіп, ұрланған велосипедті қайтару мүмкіндігі одан сайын азая түседі. Бұрын пайдаланылған велосипедті сатып алған кезде оның ұрланған еместігіне көз жеткізу үшін тиісті құжаттарды талап ету қажет.

Сондай-ақ жүрілген велосипедтерді сатып алуға дайын тұратын жекелеген азаматтардың моральдық тұрғыдан төмендігі де негізгі себептердің бірі болып табылады. Қос дөңгелекті темір тұлпарды қорғаудың жалғыз кепілді тәсілі – велосипедті қараусыз қалдырмау. Егер басқа жолы болмаса, оны бір сәтке қалдырсаңыз да байлап кетіңіз, бірақ арзан және жұқа арқандар оңай шешілетінін ескергеніңіз жөн. Ең дұрысы,

егер арқанның қалыңдығы саусақтың көлеміндей болса, ол оларды ашқанда қиындық тудырады. Егер арқан мүмкіндік берсе, велосипедті доңғалақ пен рамаға жалғағаныңыз дұрысырақ болады.

Есіңізде болсын, баспалдақ алаңы тіпті жабық болғанның өзінде велосипедті сақтаудың ең жақсы тәсілі емес.

Полиция қызметкерлері сақ болуды және қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтауды ескертеді.

Құлпынай өсіріп, балаларды қуантты

Қостанай облысы бойынша ҚАЖ департаментіне қарасты УК-161/2 мекемесіндегі жазасын өтеушілер осымен бірнеше жыл болды, құлпынай өсіріп, облыстағы «Дельфин» балалар үйінің бүлдіршіндерін қуантып келеді.

Динара МАДИЯРОВА,
Қостанай

Құлпынай - аса танымал және барлық жан ұнататын жеміс. Оңай көбейетін, баптап, күтсең өз «еркелігімен» қиналтпай, мол өнім береді екен. Осыдан бірнеше жыл бұрын Абдужалил Наматов пен Сакижон Ибраимов мекеме басшылығына колония аумағында бос жатқан жерге құлпынай өсіру жөнінде ұсыныс тастаған болатын. Жақында құлпынай өсіруді қолға алған жазасын өтеушілермен кездесіп, олардан бұл дақылды қалай баптап, күту керек екенін сұраған едік.

– Мен өмірде бұралаң жолдың бірін таңдап, қатты қателестім. Істеген ісіме қатты өкінемін. Колонияға келген күннен бастап босқа жатып, «тіккасық» болмауды көздедім. Біз бала күнімізден бау-бақшаға жақынбыз ғой. Колония аумағында бос жатқан жерлерді көріп, неге осы жерлерді бір игі іске пайдаланбасқа деп ойладым. Бұл ойымды жазасын өтеуші Абдужалил да құптап, мекеме басшылығына ұсыныс тастадық, – дейді Ибраимов.

Құлпынай – дәруменге өте бай жеміс-жидектің түрі. Оны сүйсініп жемейтін жан жоқ. Осы бір дәмді өнім беретін жеміс түрін қалай баптап-өсіру керектігін бізге Абдужалил Наматов толық түсіндіріп берді.

– Құлпынай күтімінің барлық кезеңдері аса маңызды. Бірақ бұл істегі ең маңыздысы – барынша оңтайлы отырғызуды қамтамасыз ету. Өсімдіктің айналасына арамшөптердің өсуіне жол беруге болмайды. Олар құлпынайдың минералды және қоректі заттарды және суды пайдаланудағы басты бәсекелестері болып табылады. Дақылды егу барысында минералды, органикалық тыңайтқыштарды қосу қажет. Айта кететін бір жәйт, құлпынайды бір жерде қатарынан төрт жылдан артық өсірмеу қажет. Мұны сол жерде түрлі зең аурулары мен инфекциялардың жиналып қалуына байланысты істеуге болмайды. Сіз осы ережелерді 100 пайыз орындасаңыз, 100 пайыз өнім аласыз! – дейді Наматов.

Әзірше бұл мекемеден құлпынай өнімі көпшілікке жол тартпаса да, алғашқы өнім «Дельфин» балалар үйіне жөнелтілді. Балалалар тәрбиешісі Айым Ахметова мекеме басшылығына да, сотталғандарға да алғысын білдірді. Балалар құлпынайды көріп, қатты қуанып қалды. Кіп-кішкентай қолдарымен қып-қызыл құлпынайды ауыздарына асыға салып жатқан балалардың қуанышын көріп, іштей қос жазасын өтеушінің игілікті ісіне риза болдық.

Курсанттар офицер атанған күн

Елімізде енгізілген карантин режиміне байланысты Көкшетау техникалық институтының түлектері тұңғыш офицерлік атағын аумақтық бөлімшелерден алды.

Бүгінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитеті қызметкерлерінің қатары жас және жігерлі офицерлермен толығуда. Бұл – Көкшетау техникалық институтының жиырма екінші түлектері.

Шара барысында Атырау облысы Төтенше жағдайлар департаментінің бастығы, азаматтық қорғау полковнигі Сағынбек Сиратұлы 14 түлекке тұңғыш «лейтенант» офицерлік шенін табыстады. Азаматтық қорғау офицері атағын мақтанышпен қабылдаған жас қызметкерлер батылдық пен қайсарлықтың үлгісі бола отырып, кез келген төтенше жағдайлардан жеңімпаз болып шығатындарына нық сенім білдірді.

Атырау облысының Төтенше жағдайлар департаменті түлектерге жеткен жетістіктеріне тоқмейілсімей, өз білімдерін үнемі жетілдіріп, заманауи технологияларды батыл меңгеріп, халыққа абыроймен қызмет етуді тіледі.

Дайындаған
Асылзат ТАЛҒАТҚЫЗЫ

ШЫҒАРУШЫ және МЕНШІК ИЕСІ: «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының Медиа орталығы» ЖШС
Бас директор **Әлімжан ЖАРЫЛҚАҒАНОВ**

РЕДАКЦИЯ:
Бас редактор **Тоқнияз КУЧУКОВ**
Бас редактор орынбасары: **Гүлсім БЕГІМОВА**
Аға тілшілер: **Бауыржан СЕГІЗБАЕВ, Әсел МҰХАТОВА**

Басылым 27.02.2018 жылы ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы **№16944 – Г** куәлігі берілді
• Автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
• Қолжазба рецензияланбайды және авторға қайтарылмайды
• Редакция хаттарға жауап беруге міндетті емес
• Ұсынылған материалдағы фактілер үшін автор жауап береді
• Фотосуреттердің сапасына редакция жауап береді
• Редакцияның келісімінсіз материалдарды көшіріп басуға тыйым салынады

Газет «Сақшы» компьютер және дизайн бөлімінде теріліп, қатталды. Басылым «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады.
Индексі: **65395**
Таралымы: **9 043**
Тапсырыс: **№ 667**

«Алматы – Болашақ» АҚ
Алматы қаласы, Алмалы ауданы, С.Мұқанов к-сі, 223В
тел: 8777-163-12-39
Газет айына 8 рет шығады.

БІЗДІҢ РЕКВИЗИТТЕР:
ИИК – KZ748560000000147459
БИК – KCJBKZKX
БИН – 051040005963 КБЕ-16
«БанкЦентрКредит» АҚФ
РНН 600900114533

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Жұбанов көшесі, 29А.
Телефон: 8 (7172) 49-02-14, ішкі нөмір 110
www.mediaovd.kz
Эл. пошта: sakshy@mediaovd.kz

Компьютер және дизайн бөлімінің қызметкері: **Жанна ҚҰЛЫНТАЕВА** Корректор: **Айша ӨТЕБӘЛІ** Фототілшілер: **Медет ӘШІРБЕКОВ, Қуанышбек ДҮЙСЕНБЕКОВ** Нөмірдің кезекшісі: **Бауыржан СЕГІЗБАЕВ**